Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№ 33 (1140)

18.08.2023

alatau_offset@mail.ru
alatau.aqparat
alatau_gazeti

ТҮЙТКІЛ

«АЛТЫН БЕЛГІГЕ» ҮМІТКЕР 81 ТҮЛЕК БІЛІМДЕРІН ДӘЛЕЛДЕЙ АЛМАДЫ

ҮШ-АЙЛЫҚ ЖАДЫРАҒАН ЖАЗ ДА ЗЫМЫРАП ӨТЕ ШЫҚТЫ. ЕНДІ ЕКІ АПТАДАН КЕЙІН БІЛІМ ОШАҚТАРЫ ЕСІГІН АЙҚАРА АШПАҚ. ҚОҢЫР КҮЗДІҢ АЛҒАШҚЫ АПТАСЫ КҮМІС ҚОҢЫРАУМЕН БАСТАЛАДЫ. АЛА ЖАЗДАЙ АСЫР САЛЫП ОЙНАҒАН БАЛАЛАР АЛТЫН ҰЯЛАРЫНА ҚАЙТА ОРАЛСА, МЕКТЕП ТАБАЛДЫРЫҒЫН АЛҒАШ АТТАЙТЫНДАР ҮШІН ТАҢЫРҚАЙ ДА ТОСЫРҚАЙ ҚАРАЙТЫН ҚЫЗЫҚТЫ СӘТ БҰЛ.



Биылғы оқу жылында облыс бойынша 129 мыңға жуық оқушы білім алатын болса, оның 13 мыңға жуығы бірінші сыныпқа баратындар.

Жалпы, Жетісу облысындағы білім саласы жемқорлық жайлаған мекеме ретінде облыс түгілі республиканың бәрі біледі. Алматы облысының құрамында тұрғанда облыстық білім басқармасының басшысынан басталған жемқорлық, қалалық білім бөлімінің бас бухгалтеріне тіреліп, оның арты республика бойынша жаппай мектептерде тексеру жүргізіліп, білім ошағының директорлары мен бухгалтерлерінің ұйымдасқан қылмыстары республика бойынша әшкере болған-ды.

Кейінгі жылдары басшы тұрақтамай кеткен білім саласын сүзгіден өткізгендей тазалап, ойсырап кеткен білім жүйесін қалыпқа келтіретін мықты кадр тапшы болып тұр. Басшылыққа келгендерден кеткендері жылдам білім мекемесіндегі «балықтың өзі басынан шіріп жатқан» соң, етектегіден қандай нәтиже күтуге болады – дейді ел-жұрт.

2022-2023 оқу жылына орай өткізілген брифингте айтылған Жетісу облыстық білім басқармасының мәліметтеріне көз сүзсеңіз, білім саласы көңіл көншітіп тұрған жоқ. Шешілмей жатқан мәселесі шаш етектен. Негізі Жетісу облысында білімнен бөлек мәдениет саласы да ойсырап тұр. «Тура айтқан туысына жақпайды» демекші, бір сөзбен айтқанда, өңірдегі идеологиялық ахуал мәз емес.

Өңірде мектепке дейінгі 397 ұйым (оның ішінде мемлекеттік - 92, жекеменшік - 114 балабақша, мемлекеттік шағын – орталықтардың саны - 191) бар. Бүгінгі таңда мұнда 30 150 бала қамтылған. Сондай-ақ, 5-6 жас аралағында жалпы білім беретін мектептердің мектепалды сыныптарында 8 296 бала тәрбиеленуде, 3 жастан 6 жасқа дейінгі балалар 99 пайыз, 2 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі біліммен қамту 93,6 пайызды құрайды. Мұндағы түйіні толық тарқатылмай тұрғаны 0 - 6 жасқа дейінгі балалардың кезектілігі – 5 648 баланы құрайды (2- 6 жас – 4 819, 3-6 жас- 2 866 бала). Жоспар бойынша 2023 жылы жаңадан 3 839 орын ашу көзделсе, бүгінгі күні 505 орын ғана ашылған. Осы мәселелерді шешу бағытында облыс бойынша 1355 орынды 10 жекеменшік балабақша, 65 орындық 3 шағын орталық, қосымша 2419 орынға балабақша ашу жоспарланған.

Жалғасы 4-5-бетте

БАСПАСӨЗ - 2023

«АЛАТАУ» қоғамдық-саяси газетіне жазылу жалғасуда

ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

редакция арқылы
1 жылға – 3640 теңге.
облыстық маңызы бар қалалар үшін "Қазпошта" арқылы
1 жылға – 4477,20 теңге.
ауыл тұрғындары үшін
на год – 4700,80 теңге.

Продолжается подписка на общественно-политическую газету «АЛАТАУ»

ЦЕНА ПОДПИСКИ:

с редакции
на год – 3640 тенге.
для города областного значения через "Казпочту"
на год – 4477,20 тенге.
для сельского населения
на год – 4700,80 тенге.

Индексі: 15534

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

АУДАН ТЫНЫСЫ



ЖҰМЫСТАР ЖАЛҒАСУДА



Ескелді ауданында төтенше жағдайдың салдарын жою жұмыстары жалғасуда, деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Аудан әкімдігінің мәліметінше, 15 тамызда жергілікті атқарушы органдардан 50 адам көше тазалығына кірісті. Атап айтқанда аудандағы мәдениет үйі, Балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі, ветстанция, жастар орталығы, «Қарабұлақ жылу», «Қарабұлақ су құбыры» коммуналдық мекемелері мен аудан әкімі аппаратының қызметкерлері тазалық жұмыстарын атқаруда. Сол сияқты қоқыс шығаратын 8 бірлік техника, Ешкіөлмес (Кирзавод аумағын қоса алғанда), Абай ауылдары тұрғындарының септиктерін тазартуға 1 машина жұмылдырылды.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

ШАРА АЯСЫНДА

ҚУАНСА, БАЛА ҚУАНСЫН

БІЛІМДІ ЖӘНЕ ТӘРБИЕЛІ ЖАС, ОЛ БІЗДІҢ ЖАРҚЫН БОЛАШАҒЫМЫЗ, ЕЛІМІЗДІҢ ЕРТЕҢІ. СОНДЫҚТАН ДА ЖАС БУЫННЫҢ ЕРТЕҢГІ ТҰЛҒА БОЛЫП ҚАЛЫПТАСУЫНА, ҚОҒАМ БОЛЫП АТСАЛЫСЫП, ӨСІП-ӨРКЕНДЕУІНЕ, ДАМУЫНА ҚАШАНДА ЖАҒДАЙ ЖАСАУЫМЫЗ ҚАЖЕТ.

Осы орайда 54380 әскери бөлімінің отбасы мүшелерімен жұмыс жөніндегі бөлімінің басшысы Ақмарал Уйсимбекованың ұйымдастыруымен әскери қызметшілердің балаларының басын қосқан игі шара өтті.

Шара аясында балалар І.Жансүгіров атындағы мұражайды аралап, ақынның шығармашылығы мен өмір жолынан мағлұмат алды. Мұнымен қатар қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың туған күніне орай өлең оқудан байқау да өткізілді. Байқауда мәнерлеп оқудан Жаудат Қарақат пен Мейрамбек Стамбекұлы ерекше шеберліктерін көрсетті. Өнерлі балалардың шығармашылығына тәнті болған бөлім командирі Қайрат Мырзағалиев жылы лебізін білдіріп, Алғыс хатпен марапаттады.



Қыдырбекқызына алғыс білдірді. Балаларға арналған шара орталық саябақтағы көңілді серуенмен жалғасты.

Отбасы мүшелерімен жұмыс жөніндегі бөлімнің басшысы Ақмарал Уйсимбекова игі шараға қолдау білдірген І.Жансүгіров атындағы мұражайдың басшысы Нұргүл

Гүлзада СЫДЫҚОВА,
ҚР ҚК қызметкері.

ОҚУШЫ ОЙЫ

КӨПТІЛДІЛІК – ЗАМАН ТАЛАБЫ

Тілден тілдің кеңдігі болғанымен, кемдігі жоқ. Көп тілді білу жас ұрпақтың жаңаша ойлауына және түрлі тілдің қыр-сырын танып, ой-өрісін кеңейтуге септігін тигізеді. Сонымен қатар, жастардың қабілеті мен қызығушылығын арттырады.

Қазіргі таңда жаһандану үдерісі кең етек алып отыр. Осыған байланысты өзге мемлекеттермен тығыз қарым-қатынас жасаудамыз. Дамыған елдердің арасында біздің елдің бәсекеге қабілетті болуы да, ұрпақтың көп тілді меңгеруіне байланысты. Яғни, көп тілді білу арқылы өзге ұлт өкілдерімен қарым-қатынас орнатуға болады. Интернет желісінде білім мен ғылымның, технологияның және т.б. дамуына байланысты өзге тілде ақпарат берілуі мүмкін. Тіпті, фильм мен кітаптың өзі басқа тілде болуы мүмкін. Ол мәліметтерді еркін түсініп, аудармаға жүгінбей, түпнұсқасын түсінгіңіз келеді. Демек, қандай да бір ақпаратты түсіну үшін көп тілді білген абзал.

Қазіргі кезде, жастардың, маман иелерінің тәжірбие алмасу үшін шетелге кетіп жатқанын көреміз. Осындай жағдайда бірнеше тілді меңгере білген адамға үлкен көмегін тигізеді. Сонымен қатар, көп тілді білген адам өзгелердің мәдениетін, ұлттық болмысын өз бойына сіңіреді. Көптілділік - заман талабы, адамзат өмірінің жаңа сатыға көтерілуі мен оның жаңа деңгейі. Көп тілді меңгере адам жаңа мүмкіндіктерге жол ашады.

Бұл туралы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ұдайы айтып келеді. Мәселен, Алматы облысына сапары барысында Президент: «Әлем халықтарының жақсы қасиеттерін бойға сіңіріп, озық үрдістерін үйрену үшін тіл білу қажет. Бабаларымыз «Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі ілім біл» деп айтқан. Шын мәнінде, жастар неше тіл білсе, алдынан сонша елдің есігі айқара ашылады. Бұл туған еліңнің мүддесіне қызмет ету үшін қажет. Дегенмен, ең алдымен, жастарымыз ана тілін – қазақ тілін білуі керек», - деп атап көрсетті. Демек, қазіргі өркениетті заман талабын тап баса отырып, көптілді меңгеруге талаптанудың тигізер пайдасы ұшан-теңіз болатыны-на сенім мол. Әйткенмен, өзіңнің ана тіліңді білу керектігін ұмытпаған жөн.

Гүлжан МҰХТАРҚЫЗЫ,
Ломоносов атындағы №5-орта мектеп лицейінің 11 «В» сынып оқушысы.
ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫ

МЕДИАЦИЯ

ЕКІ ТАРАП ТА ЕСЕ ЖІБЕРМЕЙТІН ТӘСІЛ

Сынаптай сусып бара жатқан қазіргі өркениетті заманда адамдардың білім дәрежесі мен құқықтық сауаттылығы да арта түскені даусыз. Сондықтан, қазір екінің бірі болымсыз ғана туындаған кикілжіңді сот арқылы шешуді дағдыға айналдыра бастады.

Оның үстіне еліміздегі сот жүйесіне жүгінуге төлейтін мемлекеттік баждың да арзан болуы сотқа кез келген адамның қолжетімділігін қамтамасыз етіп отыр. Содан болар сотқа дейін жеткізбей шешуге болатын дау дамайлар күнделікті сот процестерінің талқылайтын мәселелеріне айналуда.

Ал, осындай әуре сарсаңға түспей, болымсыз дауларды екі жаққа да тиімді жолмен шешудің бірден бір тәсілі медиация екенін тағы да еске сала кеткенді жөн көрдік. Өкінішке орай, медиацияның не екенін әлі күнге дейін түсіне бермейтіндер де жоқ емес. Сондықтан, кейінгі кезде айтылуы да, жазылуы да аз болмай жүрген медиация тәсілі туралы оқырмандарға тағы да құлаққағыс етсек артық болмас.

Медиацияның мақсаты – дауды шешудің медиацияның екі тарапын да қанағаттандыратын нұсқасына қол жеткізу және тараптардың, дауласушылық деңгейін төмендету. Осы орайда сот әділдігін іске асырған қазақ билерінің ел ішіндегі даудамайды ушықтырмай, іштей келісімге келтіртіп, шешіп отырғанын атап өту керек. Бір сөзбен айтқанда, басты мақсаты мәмілеге шақыру болып табылатын медиация қазаққа жат ұғым емес. 4 тарау, 28 баптан тұратын «Медиация туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2011 жылдың 28 қаңтарында қабылданды. Еліміздегі медиацияны ұйымдастыру саласындағы қоғамдық қатынастарды реттеп, оны жүргізу қағидаттары мен рәсімін, сондай-ақ, медиатордың мәртебесін айқындайтын заң қолданысқа енгізілген.

Медиаторға жүгіну керек пе, жоқ па дегенді тараптар өзара келісіп шешеді. Мұндай жолмен мәселенің шешілуі мүмкін болмаған жағдайда олардың сотқа жүгіну құқығы сақталады. Медиатордың судьядан айырмашылығы – медиатор жанжалға қатысушылармен болатын келіссөздерге белсенді қатыса алады, ал судья мұны жасай алмайды, ол араласпаушылық принципін ұстануға міндетті. Медиацияға бар болғаны 30 күн уақыт беріледі, ал соттар айларға, тіпті жылдарға созылады.

Бүгінде бүкіләлемдік тәжірибеде медиация ірі бизнестерден бастап, ажырасу мен дүниені бөлісу деген сияқты мәселелерге дейін кеңінен қолданылады. Халықаралық статистикаға жүгінетін болсақ, бүкіл келіспеушіліктердің 30-40 пайызы мадиация арқылы өткізіледі, ойдағыдай нәтижеге оның 85 пайызы ие болады екен. Бір сөзбен айтқанда, медиация арқылы шешілген дау барысында екі тарап та есесін жібермей, бір бірімен бас араздығы болмай тарқасады. Оның үстіне, қаржылай шағынан да шығынға ұшырамайды.

Айнұр ОРМАШЕВА,
Талдықорған қалалық сотының бас маманы.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

МАЖИЛИСМЕН ПРЕДЛОЖИЛ

ХОТЯТ ШТРАФОВАТЬ РОДИТЕЛЕЙ ЗА ПРОСТУПКИ ДЕТЕЙ



ТАКУЮ ИДЕЮ ПРЕДЛОЖИЛ ДЕПУТАТ МАЖИЛИСА РИНАТ ЗАИТОВ, ПЕРЕДАЕТ ИА «NEWTIMES.KZ».

Такая идея была предложена во время заседания в мажилисе по вопросам создания культуры нетерпимости к насилию в отношении женщин и детей. Он подчеркнул, что нельзя списывать со счетов родителей ответственность за поведение детей. Так как воспитание — это прямая ответственность отцов и матерей.

«Семья — это маленькое государство, поэтому ответственность должна быть на всех. Например, если в одной семье ребенок что-то сделал, вся семья должна понести ответственность. Может, какие-то выплаты или выговор будут объявлять на работе родителям? Если какой-то ученик что-то сделает, какое-то правонарушение, вся семья должна быть в ответе», - сказал мажилисмен.

Также он предложил выработать механизмы, которые позволят изолировать опасных детей в спецшколы.

«Опасные дети, словно ложка дегтя, которая портит всю бочку меда. Нужны дежурные участковые инспекторы, поскольку завуч по воспитательной работе не может за всем уследить. А что приводит к насилию? Мы видим, что с 15 лет дети, используют разные психоактивные вещества, либо начинают раннюю половую жизнь, поэтому здесь надо тоже рассматривать вот эти вопросы», - заявил депутат.

Также он предложил ввести запрет на обсуждение по телевидению различных семейных конфликтов.

ЗАРАБОТНАЯ ПЛАТА

СРЕДНЕМЕСЯЧНУЮ ЗАРПЛАТУ НАЧНУТ СЧИТАТЬ ПО-НОВОМУ

Бюро национальной статистики подготовило проект Методики расчета среднемесячной заработной платы работников, сообщает Zakon.kz.



Методика расчета среднемесячной заработной платы работников относится к статистической методологии, формируемой в соответствии с рекомендациями Международной организации труда, Трудовым кодексом РК и утверждается в соответствии с законом «О государственной статистике».

Методика применяется Бюро национальной статистики Агентства по стратегическому планированию и реформам РК в целях расчета среднемесячной номинальной заработной платы.

В предлагаемой методике приведены расчеты следующих видов заработных плат:

- среднемесячная номинальная заработная плата;
- медианная заработная плата;
- модальная заработная плата;
- децильный коэффициент.

Среднемесячная номинальная заработная плата

Среднемесячная номинальная заработная плата — это заработная плата, исчисленная в среднем на одного работника или единицу отработанного времени, выраженная в денежных единицах.

Среднемесячная номинальная заработная плата рассчитывается путем деления суммы начисленного фонда заработной платы на фактическую численность работников. Для расчета среднемесячной заработной платы используются агрегированные данные из статистических форм.

Рассчитываются два индекса оплаты труда: номинальный и реальный

Индекс номинальной заработной платы — относительный показатель, характеризующий изменение среднемесячной заработной платы в отчетном периоде к среднемесячной заработной плате базисного периода.

Индекс реальной заработной платы — относительный показатель, характеризующий изменение номинальной заработной платы в отчетном периоде по сравнению с базисным периодом с учетом изменения цен. Характеризует покупательную способность номинальной заработной платы. Определяется путем деления индекса номинальной заработной платы на индекс потребительских цен на товары и услуги.

ЖИЛЬЕ

КОГО БУДУТ АВТОМАТИЧЕСКИ СТАВИТЬ В ОЧЕРЕДЬ НА ЖИЛЬЕ

Жилье можно получить за счет определенных государственных программ в порядке очереди. О том, кого могут включить в них без подачи заявления, читайте в материале NUR.KZ.



Вопрос постановки казахстанцев в очередь для выдачи жилья был рассмотрен в рамках проекта Invisible Government, сообщает сайт Министерства индустрии и инфраструктурного развития (МИИР). Была собрана фокус-группа, которая состояла из представителей Минздрава, столичного управления жилья и жилищной инспекции, Отбасы банка, Центра поддержки детей и представителей социально уязвимых слоев населения.

При совместном обсуждении было предложено внедрить автоматическую постановку в очередь на жилье для некоторых казахстанцев.

Кого поставят в очередь проактивно.

Одной из главных проблем, которые отметили участники обсуждения, стали вопросы долгого ожидания очереди на жилье, наличия фиктивных разводов и сложности в присвоении инвалидности.

«В ходе брейншторминга фокус-группой выделены основные проблемы и болевые точки, связанные с присвоениями категорий и их приоритетностью, а также вопросы нецелевого использования накопленных пособий по достижению совершеннолетия детьми-сиротами. Кроме того, получены предложения по изменению норм в законодательстве».

Отмечается в сообщении МИИР

В результате было принято решение об автоматическом присвоении очереди нуждающимся в жилье гражданам из пилотных категорий: сиротам и лицам с инвалидностью 1 и 2 групп.

«Министерством будут проводится соответствующие работы в части интеграции с необходимыми ИС для автоматического получения эталонных данных в Единую информационную систему очередников с целью проактивного уведомления о возможности встать в очередь без обращения вышеуказанных категорий в госорганы», - сообщают в МИИР.

ПРОЕКТ

ПРОВЕЛИ ПРЕЗЕНТАЦИЮ ЦИФРОВОГО ТЕНГЕ

Национальный банк РК наконец презентовал цифровой тенге и рассказал о ходе его тестирования — правда, пока лишь коллективу Высшей аудиторской палаты, сообщает Zakon.kz.

Как сообщили в пресс-службе Высшей аудиторской палаты РК 15 августа, проект по внедрению цифрового тенге презентовали зампредседателя Нацбанка Берик Шолпанкулов и председатель АО «Центр развития платежных и финансовых технологий Нацбанка» Бинур Жаленов.

«Целью проекта является дальнейшее развитие и модернизация, адаптация национальной платежной системы РК к новым внешним вызовам», - отметили они в рамках презентации.

Бинур Жаленов подчеркнул, что цифровой тенге не будет заменять наличные или безналичные деньги. Это средство расчетов будет использоваться параллельно с ними. Появление цифровой валюты поможет развивать национальную платежную систему благодаря уникальным технологическим характеристикам: например, цифровым тенге можно будет расплачиваться даже без интернет-соединения.

«Цифровой тенге, как третья форма национальной валюты, будет считаться таким же законным платежным средством, цена его будет равна курсу тенге, и его легко можно будет обменять на наличные или безналичные средства. В настоящее время Национальный Банк проводит всестороннее исследование преимуществ и рисков цифровой валюты, ее влияния на денежно-кредитную политику, финансовую стабильность и рынок платежных услуг», — сообщили авторы презентации.

Цифровой тенге может стать доступным некоторым казахстанцам уже к концу года. Цифровыми деньгами можно будет получать ряд социальных выплат.

Полосу подготовил Ш. ХАМИТОВ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ТҮЙТКІЛ

«АЛТЫН БЕЛГІГЕ» ҮМІТКЕР 81 ТҮЛЕК БІЛІМДЕРІН ДӘЛЕЛДЕЙ АЛМАДЫ

Жалғасы. Басы 1-бетте

Талдықорған қаласы бойынша қыркүйек айында №6 мемлекеттік балабақшасында күрделі жөндеуден кейін – 175 орын, жекеменшік «Самила» балабақшасында – 120 орын, Ынтымақ ауылындағы №30 мектептің жанынан шағын орталық – 100 орын, 1 жекеменшік – 75 орынға, қосымша топ – 100 орын ашу жоспарланған. Ашылып жатқан балабақшалардың көбі жекеменшік құзырында болған соң оларға қойылатын талап та жоғары. Мәселен, «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар санитариялық қағидаларын бекіту туралы» ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 9 шілдедегі №ҚР ДСМ-59 бұйрығына толықтырулар енгізуіне байланысты болып тұр. Түйінді мәселенің бірі – мектепке дейінгі білім беру саласындағы кәсіпкерлер нысанды пайдалануға рұқсат алу мәселесіне тап болады. Себебі дәретханалар ескі санитариялық-эпидемиологиялық нормаларына және санитарлық ережелерге сәйкес келуі тиіс. Қазірдің өзінде салынған типтік балабақшаларда дәретхана шамамен 12 ш.м. Көптеген балабақша бетон плиталарымен салынған, сондықтан жаңа құрылыс нормаларына сәйкес дәретханалардың өлшемін өзгерту және кеңейту мүмкін емес.

Облыста 339 мемлекеттік жалпы білім беретін ұйым бар, оның ішінде бастауыш мектеп – 35, негізгі мектеп – 36, орта мектеп – 268. Осы мектептердің оқыту тілдеріне орай сараптайтын болсақ, 222 қазақ тілінде, 5 мектеп орыс тілінде, аралас тілде 112 мектеп бар. Кейінгі жылдары ашылып жатқан жаңа мектептердің ішінде аралас мектептердің саны артып бара жатқанын осы цифрлардан көруге болады. Жаныңды ауыртып, көңілге қаяу салатыны осы аралас мектептердегі оқушылардың басым бөлігі өзіміздің қара көздер. Мемлекеттік тілді құрметтеу, өз баласын ана тілінде оқытысы келмей, ресми тілде білім алып жатқан балалардың ата-аналарымен сөйлесетін идеологиялық саланың жұмысы жанданып жатқан жоқ. Өткен жылы Алматы облысының Талғар қаласындағы жаңадан ашылатын мектептің іргетасы қаланатын кезде таза қазақ мектебі болады деп бүкіл құжаттарының бәрі білім министрлігімен бірлесіп, құжаттарында қазақ мектебі деп жазылып, пайдалануға берілетін уақытта аудан әкімдігі тізе салып отырып аралас мектеп жасап жіберген болатын. Бұл қоғамда үлкен дау-дамай туғызды. Бір ғана Талдықорғанда 26 мектеп бар, соның бесеуі ғана таза қазақ мектебі, қалғаны аралас мектеп. Жаңадан ашылып жатқан №29-шы мектеп те аралас мектеп болмақ. Бұл жайында Жетісу облыстық білім басқармасының бөлім басшысы Роза Максимқызына: *«Ашылғалы отырған №29 білім ордасын неге қазақ мектебі етіп жасауға әрекет етпедіңіздер. Ұлттық мүдде неге аяққа таптала береді?»* деген сауалымызды қойғанбыз. Бұған қатысты ол: «*Сол аралас мектепке баратын балалардың басым бөлігі қазақтар. Олардың ата-аналары 1980-90 жылғылар. Бұл менің құқығым, қай тілде оқытқым келеді, сол тілде оқиды дейді. Оның үстіне, ата-аналар жұмыс басты, кешке дейін интернетте жармасып отырған баланың тілі орысша шығады. Оған да біз шектеу қоя алмаймыз*» дейді.

Балаға тал бесіктен тәрбие беру, яғни, қазақ балабақшаларын көбейту керектігін білім басқармасы білмейді емес, біледі. Бірақ, енжарлықтары басым. Бұл тек білім басқармасының жұмысы емес, мемлекеттік тілді қорғау, оған үстемдік бағытында



идеологиялық жұмыстар жандануы тиіс. Біз орыстары басым солтүстік өңір емеспіз. Несін жасырамыз, немерелеріміз де балабақшаға барып жүр. Қазақ балабақшаларының өзінде сәбилердің орысшаға бейім екенін көріп, «неге бұлай?» – деген сауалды тәрбиешілерге қойғанбыз. «Енді үйлерінде орысша сөйлеп келеді, біз не істей аламыз», – деген жауапты сан естігенбіз.

Өткен оқу жылында 128 758 оқушы білім алыпты. Олардың 96724 таза қазақ тілінде, 27295-і орыс тілінде, 4739-ы ұйғыр тілінде дәріс алған. 2014 жылдан бері үш ауысымды мектептерді бірізге түсіреміз деп жанталасқан экс әкім Амандық Баталовтың бастамасы болған. Жол ортада облыс екіге бөлінді. Қалада да, далада да халық саны жылдан-жылға артып келеді. Білімді ұрпақ тәрбиелеу жолында сапалы білім берудегі маңызды міндеттердің бірі. Қалалық және ауылдық мектептер арасындағы оқыту сапасындағы алшақтықты азайтамыз деген жоспар тағы бар. Облыс бойынша 339 мемлекеттік мектептің 281 мектебі *(82,9 %)* ауылдық жерде орналасқан, оның ішінде 150-і шағын жинақты мектептер. Мектеп бар, алайда Жетісу облысы бойынша білім сапасы өте төмен. Мәселен, ақылы дайындықтан өткізіп жүрген орталықтағы мамандардың білім деңгейлері де мұқият зерделену керекті. Білім басқармасы берген мына фактінің өзі өңірдегі білімнің сапасы сын көтермейтінін айғақтайды.

– Халықаралық PIRLS-2021 зерттеу аясында оқу сауаттылығы «қоғам талап ететін немесе жеке тұлғаға қажетті жазбаша тілдің түрлерін түсіну және қолдану қабілеті» ретінде анықталды. Осы зерттеуге 10 (7 қала, 3 ауыл) мектеп қатысты. Өңір нәтижелері бойынша 17 өңірдің 12-сі болып, республикалық орташа көрсеткіштен (505) төмен 500 балл жинады.

Облыстағы 4-сынып оқушылары арасындағы білім жетістіктерінің мониторинг бойынша (МОДО-2022) жалпы орташа балы максималды 30 балдан 20,7 балл құрады. Бұл көрсеткіш республикалық көрсеткіштен 0,2 балға төмен (ҚР – 20,9). 4-сынып бойынша төмен нәтиже көрсеткен аудандар: Көксу (18,82), Ескелді (19,75).

Жалпы орташа балл 9 сынып бойынша - 45,7 пайызды құрады. Бұл көрсеткіш жалпы республикалық көрсеткіштен 1,62 балға төмен *(ҚР – 47,32)*. 9-сынып бойынша төмен нәтиже көрсеткен аудандар: Сарқан (31,91), Ескелді (45,02), Алакөл (45,5). Ағымдағы жылы білім алушылардың білім жетістіктерінің мониторингіне 64 мектеп қамтылып, 2 559 білім алушы қатысты. Алакөл ауданы Үшарал қаласының №2 мектебінде мониторинг ережесі бұзылуына байланысты акт толтырылып, білім алушылардың нәтижелері жойылды.

2022-2023 оқу жылын 6 545 түлек аяқтады. Оның ішінде 261 түлек «Алтын белгі», 674 түлек үздік аттестат иегері. Бітіруші түлектердің 5170-і (79%) Ұлттық бірыңғай тест тапсырды.

ҰБТ нәтижесі бойынша тест тапсырған 5 170 түлектің 299-ы *(5,8%)* шектік деңгейден өтпеді, оның ішінде 213 түлек *(4,1%)* жекелеген пәндерден шектік 5 балдан төмен жинаған.

Анықтама үшін:

Шектік деңгейге жете алмаған түлектер бойынша: Алакөл - *96,* Талдықорған *қ.* - 46*,* Панфилов - *37,* Сарқан - 33*,* Кербұлақ - *30,* Ақсу - *20,* Жекелеген пәндер бойынша *5* балдан төмен жинаған түлектер саны бойынша*:* Алакөл - *63,* Талдықорған *қ.-26,* Панфилов - *33,* Сарқан - *16,* Кербұлақ - *29,* Ақсу - *19.* Міне, тіпті жекелеген пәндер бойынша бес балдық жүйден аса алмаған көрсеткішке қарап, Жетісу өңіріндегі білім деңгейінің қай дәрежеде екенін пайымдай беріңіз. Қаншама дайындық курстарына барып жүрген түлектердің жоғары деңгейде жетістік көрсете алмауы, мектептегі мұғалімдердің білім сапасын көрсетіп тұрған жоқ па? Ана бір жылдары, тіпті өткен жылға дейін прокуратура органдары білім беретін мұғалімдердің қай оқу орындарын бітіргені туралы тексеріс жүрізгенде біраз былықтың беті ашылған-ды. Дипломды сатып алып сабақ берген мұғалімдердің бет пердесі түрілді. Тіпті жоғары санатты сатып алғандар да ұсталған болатын. Осындай мұғалімдер сабақ берген мектептерден қандай білім дәрежесін күтуге болады? Жалған дипломмен сабақ берген мұғалімдер Жетісу облысында да табылған. Мектеп түлектерімен сөйлесе қалсаңыз БЖБ, ТЖБ деген сынақтардан шаршап-шалдығып жүргендерін айтады. Білім бар жерде көрсеткіш те жоғары. Мәселен, мемлекеттік мектептер арасында жоғарғы балл алған мектептер арасынан М. Арын атындағы №24 лицей 106 балл, №20 лицей 103 балл, БИЛ 99,6 балл, ауылдық жердегі мектептер арасынан Алакөл ауданындағы Жыланды мамандандырылған лицейі 91,3 балл көрсеткішін көрсеткен. Облыс мектептері арасында 50-59 балл арасындағы төмен нәтиже көрсеткен мектептер: Алакөл ауданы бойынша: Сапақ, Қоңыр, Ынталы, Сейфуллин, Арқарлы №1, Қабанбай, Ақтүбек; Көксу ауданы бойынша: З.Тамшыбаева, Толқынбекұлы; Ақсу ауданы бойынша: Абай, Уәлиханов мектептері тұр.

Мектепті «Алтын белгіге» бітіреді деп үміттенген түлектердің өзі сенімді ақтай алмаған. Мәселен, ағымдағы оқу жылында 261, ал «Алтын белгі» иегерлерінен 242 түлек ҰБТ тапсыр-

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ТҮЙТКІЛ

ған. Оның ішінде мемлекеттік мектептерде 208 түлек ҰБТ тапсырған, соның ішінде 81 түлек өз білімдерін дәлелдей алмаған. Осы 81 түлек те «Алтын белгіден» үміткер болғандар. Аудан, қалаларға шағатын болсақ, Ақсуда – 3, Алакөлде – 5, Ескелдіде – 9, Қараталда – 3, Кербұлақта – 10, Көксуда – 6, Сарқанда – 15, Панфиловта – 17, Текеліде – 6, Талдықорған қаласында – 7 түлек, 63-100 баллға төмен көрсеткіштер көрсеткен. «Алтын белгі» иелері арасында тек бір түлек қана 130 балл жинаған. Ол – Талдықорған қаласының №11 мектептің түлегі болған. «Қуырдақтың көкесін түйе сойғанда көресің» дегендей, пәндер бойынша 5-6 балл жинағандар бар екені айтылған, Жетісу облыстық білім басқармасы берген ақпаратта. Өте төмен көрсеткіштер математикалық сауаттылықтан көрініс тапқан. Енді жаңа оқу жылында бұл кемшіліктер жойыла ма, жоқ әлде кері кете ме, оны алдағы оқу жылының көрсеткішінен көретін боламыз. Осы олқылықтарды жою мақсатында облыстық білім басқармасы шешу жолдарын айтты. Ол үшін қалалық және ауылдық мектептер арасында оқыту сапасындағы алшақтықты азайту мақсатында «Білім беру сапасын арттыру және тиімді жұмыс істеудің режимі» жобасын жандандыру (шалғай жатқан ауылдарда орналасқан 24 мектеп, облыстағы 3 мамандандырылған лицейге *(№20, №24 мамандандырылған лицей, Талдықорған қ. БИЛ-не)* бекітіліпті. Бұл озық мектептерге бекітілгенмен бар шаруа шешілсе жақсы. Негізі ауылдық жерлердегі білім сапасын көтеру үшін Алакөл ауданындағы Жыланды мектебінің тәжірибесі ауадай қажет. Бұл мекен белгілі меценат Бауыржан Оспановтың ауылы. Ол ауылдағы білім сапасын қалай көтерді. Республиканың әр аймағынан мықты мұғалімдерді жинап, бар жағдайын жасап, ауылға көшіп келуге мүмкіндік жасады. Тіпті,



математика, басқа да пәндерден Республикалық және Халықаралық жарыстарда топ жарған оқушыларды және ұстаздарын қомақты қаржылай марапаттап отырды. Бұл үрдіс күні бүгінге дейін бар. Ауыл мектептерін осындай ірі кәсіпкерлер қамқорлыққа алуы тиіс. Тек озық мектептерге теліп қою ауылдың білім деңгейін қаншалықты көтеретінін алдағы уақыт көрсетер. Екінші мәселе, мұғалімдерді сұрыптап алу керек. Әр мамандық иесі бала оқыту тәжірибесі сарапқа салынбай, олардың білім деңгейін санатпен есептеудің өзі үлкен қателік.

«Нәтижесі төмен мектептерге мықты мектептердің қамқорлығы» әлеуметтік жобасы негізінде нәтижесі төмен мектептерге мықты мектептердің қамқорлығы арқылы білім алушылардың білім жетістіктерін жақсарту, ББЖМ нәтижелері бойынша оқу жетістіктерін төмен көрсеткен мектептерге тікелей қолдау көрсету; «Алтын белгі» иегеріне үміткерлерді ҰБТ-ға дайындау мақсатында үздік педагогтерді, тәжірибелі пән мұғалімдерін тарта отырып, күзгі, қысқы, көктемгі оқыту сессияларын Талдықорған қаласындағы Білім-Инновация лицейі, Д.Рақышев атындағы мектеп-интернатында ұйымдастыру; Білім беру ұйымдарында мектепшілік бақылаудың ұйымдастырылуы мен жүргізілуі бойынша мониторинг жүргізу, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға бағытталған тапсырмалар жинағын әзірлеу; Ауылдық жерлердегі дарынды балаларды қолдау мақсатында «Дарынды ауыл оқушылары» жобасын іске асыру, дейді шешілу жолдарының жоспарымен таныстырған Жетісу облыстық білім басқармасы. Бұл бұрыннан да қолданып келетін практика. Алыс аймақтағы балалардың бәрін облыс орталығына тасымалдаудың өзі үлкен шығын. Бұған дейін де қалалық және ауылдық мектептер арасындағы білім сапасын теңестіру үшін оқу-жаттығу жиындары ұйымдастырып келген-ді. Тіпті оған 2024 оқушы қатысқан. Соның 1561 ауылдық жерлерден екені айтылды. Бұл оқу-жаттығу жиындарына қазылар құрамы тартылып, 19 ғылым докторы,52 ғылым канидаты, 43PhD жаттықтырушы ретінде шақырылыпты. Бірақ, осыншама ғалымдар мен докторлар шақыртылып, оқу-жаттығулар өткізгенмен білім көрсеткіші көңілді көншітіп тұрған жоқ. Ал, оларға қанша қаржы жұмсалғаны айтылмайды. Негізі білім болсын кез келген салаға жұмсалған қаржы өз жемісін беруі тиіс. Білім басқармасының жобасына қарап тұрсаң жасап жатқан әр қадамдарын құптағың-ақ келеді. Алайда, білім сапасына қарап қарның ашады. Осы жобадағы ауылдық жерлердегі дарынды ба-лаларды ерте жастан анықтау мақсатында *2-4* сыныптар арасында олимпияда өткізіліпті. Оған облыс бойыншаа *71* оқушыға, *13* мұғалімге *100 мың* теңгеден және *4* облыстық мекемеге, *4* аудан және *1* қалаға *1 млн.теңге* көлемінде және ынталандыру шарасы белгіленгенін айтады. Бұл қаржы жеңімпаздарды дайындаған ауылдық мектептердің мұғалімдерін қолдауға жұмсалған. 100 дарынды бала тамыз айында «Жалын» сауықтыру лагерінде демалған, әрі оқу-жаттығу жиындарына қатысқан. Білімдерін жетілдіріп, балаларды қорғап жатырмыз деген білім басқармасы білім саласын, білікті кадрлардың тапшылығын жасырып-жабуға келмейді. «Ауруды жасырсаң өлім әшкерелейді» дегендей, 2022-2023 оқу жылындағы төменгі көрсеткіш білім басқармасының ғана емес, Жетісу облысының да беделін төмен түсіріп тұр. Енді міне, білікті маман тартып, сарапшылардың тәжірибесіне



жүгінеміз деген білім басқармасы, оқушылар арасында пәндік олимпиядалардың шығармашылық байқаулардың және ғылыми жобалардың жетістіктерін дәріптеуге көшіпті. Алла қайырын берсін дейік. Тек дарындыларды ғана іріктеп алып қана қоймай, ауылдық жерлердегі білім ошақтарын заманауи үлгіде жасақтап, мұғалімдердің өзін сұрыптау аса қажет. Онсызда ауылда кадр тапшы, кей пәндерге маман іздеп сабылып жүрміз дейтін шығар. Жоғарғы білімі бар екен деп сапасыз мұғалім мен дәріс бергізгеннен ұтылмасақ, ұтпайтынымыз анық. Бір ауылдағы мектептің бәрі олимпияда жеңіпазы болып кетпейді. Әр бала өзінің бейіміне қарай білім алуына мүмкіндік жасалу керек. Бір-екі пәннен жақсы болған бала, мәселен, математикаға, физикаға, химияға мүлде зауқы жоқ болуы мүмкін. Мұндай оқушыларды жалпы білім жүйесімен оқысаң да оқисың, оқымасаң да оқисың деп мәжбүрлеу қиянат болар еді. Сондықтан баланың да білім деңгейін сұрыптау ол білім министрлігінің реформасына кіруі керек. Мұны біз неге айтып отырмыз, ҰБТ тапсырғанда пәндік сынақтан өте төмен балл алған түлектердің математикадан сүрініп жатқанынан олардың осы математикаға құлқы жоғын аңғардық. Мақала ортасында біз ауылдық жерлердегі мектеп ғимараттарының материалдық инфрақұрылымы заманауи үлгіде болуы жайлы айтқанбыз. Таразы басы тең болуы үшін ауыл мен қала мектептерін салыстырып көріңіз. Мұны облыстық білім басқармасы да жоққа шығармайды. Қалалық білім алушылармен салыстырғанда ауылдық білім алушылардың мүмкіндіктері айтарлықтай шектелуде, дейді облыстық білім басқармасы. Соның бірі интернет желісі. Ауыл тұрмақ, қаланың шет аймағында интернет желісі жиі ұстамай қалады. Ал, ауылды жерлерде індет өршігенде «онлайн» режимде оқыған ауылдағы балалар үйдің, қораның төбесіне шығып, одан қалса аудан орталығына сабылып, интернет істейтін жерлерге жүгіріп, әлек болғаны бар. Арада үш жыл өтсе де бұл жүйе қалыпқа түскен жоқ. Жетісу облыстық білім басқармасы барлық мектеп интернет желісіне 100% қосылғанын айтады. 50 Мбит/сек - тен 100 Мбит/сек - ке дейін жоғары жылдамдықты интернетпен қамтамасыз етілген - 221 мектеп (65%) 10 Мбит/сек-тен 40 Мбит/сек-ке дейін-91 мектеп (27%) және 4 Мбит/сек-тен 8 Мбит/сек - ке дейін-27 мектеп 8%. қамтылған. Ал, 27 ауылдық мектепте (9 435 оқушы) интернет желісінің жылдамдығы 8 МБит/с. кең жолақты интернеттің болмауына байланысты ауыл мектептерінің білім алушыларының цифрлық білім беру ресурстарына қолжетімділігін шектейтінін де жасырмайды. Демек мектептердегі желіні қамту аумағы толыққанды шешімі табылмағаны ауыл мектептерінен көрініп тұр.

Тағы бір өзекті мәселе, мектептерді ыстық тамақпен қамту. 2023 оқу жылы облыста 339 жалпы білім беретін 52 616 оқушы, 1-4 сыныпта оқиды. 339 білім ошағының ішінде 258 мектепте ыстық тамақ ұйымдастырылған. Оның ішінде жалпыға міндетті білім беру қорынан 10 721 бастауыш сынып оқушысы тегін ыстық тамақпен қамтылады. Облыстағы барлық бастауыш сынып оқушыларын тегін ыстық тамақпен қамту үшін жергілікті бюджеттен 2023 жылдың қыркүйек-желтоқсан айларына 41 895 оқушыға қосымша 1,7 млрд. теңге қарастырылды, делінген білім басқармасы берген мәлімдемеде. Алайда, 81 мектепте ыстық тамақ ұйымдастырылмаған. Мұндағы бастауыш сыныптағы оқушы саны 2 465, тіпті тамақтандыратын буфеттік орындарда жоқ мектептер бар. Осы мәселені шешу үшін жаңа оқу жылында 3 бастауыш мектеп жабылады деп жоспарлануда. Олар, *(Ақсу ауданы - Шолақөзек БМ және Баласаз БМ, Қараталауданы Балқаш БМ)*. Сондай-ақ, 4 бейімделген мектептің орнына жаңа оқу жылында жаңа мектеп ғимараты пайдалануға берілмек. Олар, *(Көксу ауданы - 2, Сарқан ауданы - 2 мектеп)*. Қалған 74 мектептің 25-інде конкурс жарияланып, тамақтандыру ұйымдастырылса, 49 мектепке жақын орналасқан мектептерден тасымалданатыны айтылған, мәлімдемеде.

Айтақын МҰХАМАДИ
Суреттер ғаламтордан алынды.

Дүйсенбі - Понедельник, 21 тамыз

ҚАЗАҚСТАН

06.05 «Жәдігер»
06.30, 03.40 «Күй керуен»
07.00 «Таңшолпан»
10.00, 13.00,20.00, 01.05 «Ақпарат»
10.10, 18.00 Т/х «Жазықсыз жүрек»
12.00, 13.10, 20.35 Т/х «Жат бауыр»
14.10 «Қызық екен»
15.10 «Дара»
16.20, 02.55 Т/х«Ауыл мұғалімі»
17.15 Мультхикая
22.30 Т/х«Қызғалдақ мұңы»
23.55 «Жүзден жүйрік»
01.40 «Сана»

ХАБАР

05.00 Т/х «Тек қана қыздар»
08.00 «Қазақ қыздары» концерті
09.00 Концерт «Менің Қазақстаным»
10.00 «Бақыттың кілті еңбекте»
10.30 Мультсериал
12.00, 20.00 Т/х«Шах сарайының құпиялары»
14.00 Т/х «Пәленшеевтер-4»
15.00 «Асыл қазына»
16.00 Мегахит «Акт мести»
18.00 Новости
18.20 Итоги
19.00 Жаңалықтар
19.20 Ток шоу «Біздің мақсат»
21.45 Т/х«Махаббатым жүрегімде»
23.00 Сериал «Родственные связи»

АСТАНА

06.00 Т/х «Ене»
06.20 Т/х«Кішкентай келін»
07.20 М/с «Маша и медведь»
09.00,21.00 «Осман-2»
09.50 Х/ф «Я-жених»
12.00, 00.00 Т/х «Қара ниет-3»
14.00 Т/х«Ақжауын»
15.05 «Ащы шындық» тележобасы
16.45 «Жұрттың балалары»
17.50 Сериал «Осколки»
20.00 «Астана таймс»
21.55 «Лакшми» үнді т/х
01.50 Т/х «Жаралы сезім»

ЕВРАЗИЯ

06.00«Тамаша сити»
07.00 «Паутина»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.00 Сериал «Прошлое меня не сломить»
14.10, 02.45 Новости
14.20, 02.50 Жаңалықтар
14.30 QOSLIKE
18.30, 03.45 Басты жаңалықтар
19.00, 03.00 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Сериал «Невский. ТеньАрхитектора»
00.40Сериал «Серебрянный волк»
01.50 «Дом образцового содержания»

КТК

07.05 «Кеттік тойға»
07.30 Т/х «Мен сұлумын»
08.00 Т/х «Жүрегімнің иесі»
09.20, 01.30 «Аташка на хайпе»
11.00 Мелодрама «Деревянный гребешок»
15.00 Т/х «Намыс»
19.30,04.30-05.00 Кешкі жаңалықтар
20.00, 02.45 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
21.30 «Цвет страсти»
23.40 «Морские дьяволы. Дальные рубежи»
03.30 Т/х «Алтын бақ»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Апта (қаз)
10.00 Апта (рус)
11.00 «Ұлт ұяты»
11.40 «Әсем әуен»
12.00 «Әдебиет пен адамзат»
12.30 «Ән тыңдайық»
13.05 «Ел қамы»
13.30 «Қазақ үні»
14.00 Д/ф «Таңғажайып табиғат»
14.25 «Жүрек сөзі»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.25 «Жетісу жауһарлары»
15.30 Жаңалықтар
15.45 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Әсем әуен»
16.30 Новости
16.50 «Тарихнама»
17.00 Д/ф «Кең ауқымда»
17.30 «Әсем әуен»
18.00 Д/ф «Таңғажайып табиғат»
18.40 «Саулықтың сыры»
19.00 «Ой-сарап»
19.30 Д/ф «Ғажайып мәдениет»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Тэ Чжоён» телехикаясы
23.00 Д/ф «Кең ауқымда»
23.30 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00, 03.30 Әзіл студио
06.30, 02.30, 04.30 Ватсап
07.00 «Күліп ал»
08.00, 23.30 Т/х«Жапырақтар төгілгенде»
10.00 Т/х «Құнсыз келін»
11.00, 12.00 Мультсериал
13.00 Х/ф «Замуж в 30»
15.10 Х/ф «Обитель зла»
17.20 Х/ф «Терминатор»
20.00 Информбюро
21.00 Т/х «Остров фантазий
01.30 «31 әзіл»
03.50 «1001 әзіл»
04.00 Bala Battlle
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00, 05.10 «Қуырдақ»
07.00, 00.00 Т/х «Тек қана қыздар»
07.40, 00.40 «Айна онлайн»
08.00 «Семейные узы»
09.00 Сериал «Отражение радуги»
11.00 Сериал «Провинциал»
13.00 «Q-елі»
14.00, 23.00 Т/х «О, махаббат»
15.00 «Той лайк»
16.00 Сериал «Девушки с Макаровым»
17.00 Сериал «Женский доктор»
18.00 «Спасти Веру»
20.00 «Балабол-5»
22.00 Т/х «Шырғалаң тағдыр»
01.40 «Жайдарман»
02.40 «Тамаша 7 км»
03.40 Т/х «Япырай»
04.10 «Жеңіп көр»

Сейсенбі - Вторник, 22 тамыз

ҚАЗАҚСТАН

06.05 «Жәдігер»
06.25, 10.00, 13.00,20.00, 01.05 «Ақпарат»
07.00 «Таңшолпан»
10.10, 18.00 Т/х «Жазықсыз жүрек»
12.00, 13.10, 20.35 Т/х «Жат бауыр»
14.10, 03.40 «Ауылдастар»
14.40 «Қызық екен»
15.40 «Тіршілік»
16.15, 02.55 Т/х«Ауыл мұғалімі»
17.15 Мультхикая
22.30 Т/х«Қызғалдақ мұңы»
23.55 «Жүзден жүйрік»
01.40 «Сана»

ХАБАР

05.00 Т/х «Тек қана қыздар»
08.00 «Елімнің бір еркесі мен боламын» концерті
09.00 Концерт «Менің Қазақстаным»
10.00 Мультсериал
12.00, 20.00 Т/х«Шах сарайының құпиялары»
14.00 Т/х «Пәленшеевтер-4»
15.00 «Асыл қазына»
16.00, 23.00 Сериал «Родственные связи»
18.00 Новости
18.20 Итоги
19.00 Жаңалықтар
19.20 Ток шоу «Біздің мақсат»
21.45 Т/х«Махаббатым жүрегімде»

АСТАНА

06.00 Т/х «Ене»
06.20 Т/х«Кішкентай келін»
07.20 М/с «Маша и медведь»
08.50,21.00 «Осман-2»
09.50, 17.50 Сериал «Осколки»
12.20, 00.00 Т/х «Қара ниет-3»
14.10 Т/х«Ақжауын»
15.10 «Ащы шындық» тележобасы
17.25 «Жұрттың балалары»
20.00 «Астана таймс»
21.55 «Лакшми» үнді т/х
01.50 Т/х «Жаралы сезім»

ЕВРАЗИЯ

06.00«Тамаша сити»
07.00 «Паутина»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.00 «Жить здорово»
10.55 «На самом деле»
12.00 Сериал «Охота на изюбря»
14.10, 02.45 Новости
14.20, 02.50 Жаңалықтар
14.30 QOSLIKE
18.30, 03.45 Басты жаңалықтар
19.00, 03.00 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Сериал «Невский. ТеньАрхитектора»
00.40Сериал «Серебрянный волк»
01.50 «Дом образцового содержания»

КТК

07.05, 19.30,04.30-05.00 Кешкі жаңалықтар
07.30 Т/х «Мен сұлумын»
08.00 Т/х «Жүрегімнің иесі»
09.30, 21.00 Вечерние новости
10.00, 01.35 «Было дело»
10.50, 23.40 «Морские дьяволы.Дальные рубежи»
13.00, 21.30 «Цвет страсти»
15.00 Т/х «Намыс»
20.00, 02.20 «Астарлы ақиқат»
03.00 Т/х «Алтын бақ»
07.05, 19.30,04.30-05.00 Кешкі жаңалықтар
07.30 Т/х «Алтын бақ»
04.00 Мерекелік концерт

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Ой-сарап»
11.30 Д/ф «Ғажайып мәдениет»
12.00 «Тэ Чжоён» телехикаясы
13.05 «Ел мен жер»
13.30 «Әсем әуен»
14.30 Д/ф «Таңғажайып табиғат»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.25 «Жетісу жауһарлары»
15.30 Жаңалықтар
15.45 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Әсем әуен»
16.30 Новости
16.50 «Тарихнама»
17.00 «Ән тыңдайық»
17.30 «Әсем әуен»
18.00 «Бүгінгі дін»
18.40 «Саулықтың сыры»
19.00 «Ой-сарап»
19.30 «Алаш таңы»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Тэ Чжоён» телехикаясы
23.00 Д/ф «Кең ауқымда»
23.30 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00, 03.30 Әзіл студио
06.30, 02.30, 04.30 Ватсап
07.00, 20.00 Информбюро
08.00, 23.30 Т/х«Жапырақтар төгілгенде»
10.00 Т/х «Құнсыз келін»
11.00, 12.00 Мультсериал
12.20 Х/ф «Ярость»
15.20 Т/х «Остров фантазий
17.50 Х/ф «Пиксели»
21.00 Т/х «Хэнхок»
01.00 «31 әзіл»
03.50 «1001 әзіл»
04.00 Bala Battlle
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00, 05.10 «Қуырдақ»
07.00, 00.00 Т/х «12 күн»
07.40, 00.40 «Айна онлайн»
08.00 «Семейные узы»
09.00, 18.00 Сериал «Спасти Веру»
11.00, 20.00 Сериал «Балабол-5»
13.00 «Q-елі»
14.00, 23.00 Т/х «О, махаббат»
15.00, 22.00 Т/х «Шырғалаң тағдыр»
16.00 Сериал «Девушки с Макаровым»
17.00 Сериал «Женский доктор»
01.40 «Жайдарман»
02.40 «Тамаша 7 км»
03.40 Т/х «Япырай»
04.10 «Жеңіп көр»

Сәрсенбі - Среда, 23 тамыз

ҚАЗАҚСТАН

06.05 «Жәдігер»
06.25, 10.00, 13.00,20.00, 00.35 «Ақпарат»
07.00 «Таңшолпан»
10.10, 18.00 Т/х «Жазықсыз жүрек»
12.00, 13.10, 20.35 Т/х «Жат бауыр»
14.15, 03.10 «Ауылдастар»
14.50 «Қызық екен»
15.40, 03.45 «Тұлға»
16.15, 02.25 Т/х«Ауыл мұғалімі»
17.15 Мультхикая
22.30 Т/х«Қызғалдақ мұңы»
23.25 «Жүзден жүйрік»
01.10 «Сана»

ХАБАР

05.00 Т/х «Тек қана қыздар»
08.00 «Жан сырым» концерті
10.00 «Бізге хабарласқан»
10.30, 10.45, 11.00, 11.15, 11.25, 11.35, 11.50 Мультхикаялар
12.00, 20.00 Т/х«Шах сарайының құпиялары»
14.00 Т/х «Пәленшеевтер-4»
15.00 «Асыл қазына»
16.00 Сериал «Родственные связи»
18.00 Новости
18.20 Итоги
19.00 Жаңалықтар
19.20 Ток шоу «Біздің мақсат»
21.45 Т/х«Махаббатым жүрегімде»
23.00 Сериал «Родственные связи-2»

АСТАНА

06.00 Т/х «Ене»
06.20 Т/х«Кішкентай келін»
07.20 М/с «Маша и медведь»
08.50,21.00 «Осман-2»
09.50, 17.50 Сериал «Осколки»
12.20, 00.00 Т/х «Қара ниет-3»
14.10 Т/х«Ақжауын»
15.10 «Ащы шындық» тележобасы
17.25 «Жұрттың балалары»
20.00 «Астана таймс»
21.55 «Лакшми» үнді т/х
01.50 Т/х «Жаралы сезім»

ЕВРАЗИЯ

06.00«Тамаша сити»
07.00 «Паутина»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.00 «Жить здорово»
10.55 «На самом деле»
12.00 Сериал «Охота на изюбря»
14.10, 02.45 Новости
14.20, 02.50 Жаңалықтар
14.30 QOSLIKE
18.30, 03.45 Басты жаңалықтар
19.00, 03.00 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Сериал «Невский. ТеньАрхитектора»
00.40Сериал «Серебрянный волк»
01.50 «Дом образцового содержания»

КТК

07.05, 19.30,04.30-05.00 Кешкі жаңалықтар
07.30 Т/х «Мен сұлумын»
08.00 Т/х «Жүрегімнің иесі»
09.30, 21.00 Вечерние новости
10.00, 01.45 «Было дело»
10.50, 23.40 «Морские дьяволы.Дальные рубежи»
13.00, 21.30 «Цвет страсти»
15.00 Т/х «Намыс»
20.00, 02.30 «Астарлы ақиқат»
03.00 Т/х «Алтын бақ»
04.10 Мерекелік концерт

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Ой-сарап»
11.30 «Алаш таңы»
12.00 «Тэ Чжоён» телехикаясы
13.05 Д/ф «Ғажайып мәдениет»
13.30 «Әсем әуен»
14.30 «Бүгінгі дін»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.25 «Жетісу жауһарлары»
15.30 Жаңалықтар
15.45 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Әсем әуен»
16.30 Новости
16.50 «Тарихнама»
17.00 Д/ф «Кең ауқымда»
17.30 «Әсем әуен»
18.00 «Бүгін» /тікелей эфир
18.40 «Саулықтың сыры»
19.00 «Ой-сарап»
19.30 «Архивтегі ақиқат»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Тэ Чжоён» телехикаясы
23.00 Д/ф «Кең ауқымда»
23.30 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00, 03.30 Әзіл студио
06.30, 02.30, 04.30 Ватсап
07.00, 20.00 Информбюро
08.00, 23.30 Т/х«Жапырақтар төгілгенде»
10.00 Т/х «Құнсыз келін»
11.00, 12.00 Мультсериал
12.30 Х/ф «Хэнхок»
14.30 Т/х «Терминатор»
17.00 Х/ф «Терминатор-2»
21.00 Х/ф «Охотник за головами»
01.00 «31 әзіл»
03.50 «1001 әзіл»
04.00 Bala Battlle
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00, 05.10 «Қуырдақ»
07.00, 00.00 Т/х «12 күн»
07.40, 00.40 «Айна онлайн»
08.00 «Семейные узы»
09.00, 18.00 Сериал «Спасти Веру»
11.00, 20.00 Сериал «Балабол-5»
13.00 «Q-елі»
14.00, 23.00 Т/х «О, махаббат»
15.00, 22.00 Т/х «Шырғалаң тағдыр»
16.00 Сериал «Девушки с Макаровым»
17.00 Сериал «Женский доктор»
01.40 «Жайдарман»
02.40 «Тамаша 7 км»
03.40 Т/х «Япырай»
04.10 «Жеңіп көр»

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

АЙТАРЫМ БАР

ҚАЗАҚ ТІЛІ – ҰЛТЫМНЫҢ ИГІЛІГІ

таза сақтау парыздың ең биігі

Қазақтың дана перзенті, Алаш қайраткері Мағжан Жұмабаев өз заманында: «Бір ұлттың тілінде сол ұлттың сыры тарихы, мінезі айнадай көрініп тұрады. Қазақ тілінде қазақтың сайран даласы, біресе желсіз түндей тұнық, біресе құйындай екпінді тарихы, сар далада үдере көшкен тұрмысы, асықпайтын, саспайтын, сабырлы мінезі – бәрі көрініп тұр. Қазақтың сар даласы кең , тілі де бай. Осы күнгі түрік тілдерінің ішінде қазақ тілінен бай, орамды тіл жоқ», – депті.

Біз бұған мақтана қараймыз. Сонымен қоса тіл мәдениетіне көлеңке түсіретін, естіген құлаққа жағымсыз жайттардың жиірек кездесетінін, өз ұлтымыздан несіне жасырамыз. Осы сөзіміздің ақиқатына бірнеше мысал арқылы көз жеткізгенді жөн көрдік.

Сонау XX ғасырдың бастапқы кезінде Романовтар әулеті патшалығының 300 жылдығында Кіші Жүздің көрнекті азаматы Есет Көтібаровтың тұлпары Әлемді дүр сілкіндіріп, ұзақ қашықтықта алдына жан салмай, бас бәйгені жеңіп алғаны күні бүгінге дейін ұмытылмай келеді.

Бірақ бірнеше жылдар бойы азаматтың ақиқат есімі саналы түрде бұрмаланып, «Есет Басыбаров» деп айтылды. Бұл бұрмаланған есім БАҚ беттерінде, тіпті студенттер арасында жиі кездесетін. Дегенмен, бұл әрекетке мән бермей келдік.

Біраз уақыт сабыр сақтап келген ұлы жазушымыз Мұхтар Әуезов «Қазақ әдебиеті» газетіне «Тарихи шындық бұрмаланбасын» деп мақала жариялаған екен. Біз бұл жайлы әңгімені Семей мемлекеттік педагогика институтында оқып жүргенімізде көрнекті ғалым Қайым Мұхаметхановтан естілгенбіз. Ағамыз М.Әуезовтың мақаласы жарияланған «Қазақ әдебиетін» алдымызға жайып салды. Осыдан соң «Есет Басыбаров» атауы шектелген екен.

Байтақ елімізге белгілі, 1965 жылдың мамыр айының соңында көрнекті ақын Ільяс Жансүгіровтың туғанына 70 жыл толуы Ақсу ауданының Ойтоған ауылдық округінде, Ақсу өзенінің жап – жасыл анғарында атап өтілді. Бірқатар басылымдар осы салтанатты «1964 жылы өтіп еді» деп қателесіп айтып та, жазып та жүрді. Бұл жайтқа Ілекеңнің 1894 жылы туғандығы себеп болса керек. Дүбірлі тойдың бір жыл өткен соң аталып өтуі ауылдың мәдениетін, білім мекемелерін, көшелерін ретке келтіруге, Ақсу мен Ойтоған ауылдары аралығында тозығы жеткен автожолды, көпірлерді, т.б. маңызды, ауқымды іс – шараларды меймандардың көңілінен шығатындай етіп ажарландыруға тікелей қатысты еді. Бұл жоспарлар шын мәнінде баянды атқарылғаны кезінде лайықты бағалайды да.

Осы орайда айтар болсақ, 1966 жылдан бастап Ақсу ауданындағы Абакумовка селосының атауы жойылып, оның есесіне Жансүгіров ауылының жалауы желбіреді. Бұл түбегейлі жаңалық Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының Жарлығына байланысты болды. Бұл өзгеріс кеңбайтақ Қазақстанға, көршілес елдерге де жетіп жатты. Соған қарамастан, «Көрмес түйені де көрмес» дегендей, кейбір ақпарат құралдары ресми шешімді өзінше атап, күні бүгінге дейін «Жансүгір» ауылы деп жүр. Осы азаматтар Ілекеңнің ұлдары – Жансүгіров, қыздары – Жансүгірова екендігін неге ескермейді? Ал, Ақсу ауданының орталығы «Жансүгіров» атауын алғанына 56 жылдан асып барады.

Жетісу өңірінде адал еңбегі арқасында «Социалистік Еңбек Ері» мәртебелі атағына қол жеткізген қайраткерлер баршылық. Көп ретте БАҚ беттерінде «Социалистік» деген сөз айтыла бермейді, назарға алынбайды. Біздің ағаларымыз бен апайларымыз социализм дәуірінде туып, білім алып, еңбек етіп, кейінгі толқындарға үлгі – өнеге көрсетті. Олардың есімдері ешқашан ұмытылмақ емес. Мұнан шығатын қорытынды, аға ұрпақтың абыройы мен атағының кіршіксіз сақталуын қамтамасыз ету асыл парыз. Ұрпақтар сабақтастығына басымызды иіп, құрмет ету уақыт талабы екенін бағалау игі.

Мына «қызықты» қараңыз. Қаратал өзені жағалауында күшіктерін жетектеп, ойнап жүрген өзіміздің жеткіншектеріміздің біреуі екіншісіне:

– Сенің күшігіңнің аты кім? – дегенін естіп қалдым.

Әттеген-ай, айтарға сөзім жоқ. Қазақ тілінің грамматикасында «Кім?» және «Кімдер?» деген сұрақ адамзат баласына тән емес не? Бұл ұлтымыздың ұлылығын айқындаушы еді ғой. Бір қатар Батыс елдерінде, ол қатарда орыс ұлты да , құрт пен құмырсқа, шыбын мен шіркей, ит пен мысық, т.б. кеудесінде жаны барлар «кім?» және «кімдер?» - деген сұраққа жауап беретіні рас. Біздің ұлттық грамтикамыз мойындамайтын бұл қырсық қайдан жұққан?

Сондай-ақ, «Дәрігер ем-дом жасады» дегенді естіп жүрміз. Ал «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» (225 бетінде) «ем – дом жасау» бақсы-балгерлердің, тәуіптердің сырқат адамға үш кіру, ұшықтау, аластау, т.б.далбаса әрекеттері екендігі атап көрсетілген. Қазақ тіліндегі дұрыс атауы- ем-дем! Демек, «ем-дом» медицина ғылымына, дәрігерлік ізгілікті іс – әрекеттерге кереғар екен.

Кейбір сөйлемдерде «уыздай ұйыған» деген тіркес орнында «айрандай ұйыған» деген сөз тіркесі кездеседі. Көшпелі халқымыз ақ уыздың ұзақ сақталатын тағамдық қасиетін білген соң осылай деген. Ал ұйытылған айран, әсіресе жаз айларында тез бұзылып, көбіктеніп, быжып, тәбетінізді тежейді.Бұл кейбір адамдардың асқазанына жақпауы да мүмкін. Міне, ақ уыз бен ақ айранның тағамдық ерекшелігі осы. Қай тіркес дұрыс, қайсысы бұрыс екенін ойлап көріңіз.

Айта берсек, сөз тіркестері мен сөйлемдер құрылымында олқылықтар кездесе береді. Сөзіміз дәлелді болуы үшін бірер мысалдар келтіреміз. Телехабарлардың бірінен мыналарды естідік, «Жарыс жолына 20 балалар шықты, бесеуі – қыздар», – деді. Дұрысында сан есім өз орнында тұрғандықтан, балалар мен қыздар көптік жалғауынсыз тұруы шарт. Бұл да қазақ тілі граматикасының жетістігі. Кейде біріккен сөздердің арасына сына қалу фактілері де жиі көрінеді. Мысалы, баскиім, аяқ киім, қолқап, Ешкіөлмес, Көктұма, Көлсай, Қаракемер, т.б. біріккен сөздер арасы алшақ тұрады.. Сондай-ақ, Жетісуды – Семиречие, Жоңғарды – Джунгар, «Достық» станция – «Дружба», товарлы сүт фермасын – сүт товарлы фермасы» дегеннің жөні жоқ. Ақиқатында, ферма сүтті тұтыну товары ретінде өндіреді, ферма товарды сүтке алмастырып отырған жоқ қой.

Таяуда Орталық телехабарынан қазақ әйелдерінің мемлекетттік тілге, білім, мәдениет, өнер, т.б. мәселелерге деген көзқарастары, жеке пікірлері, ой-толғақтары, т.б. төңірегінде сұхбат-әңгіме көрсетілді. Қазақ бойжеткендерінің, қыз-келіншектерінің тұрмыс-тіршілігі, мінез-құлықтары жайлы да сөз қозғалды. Айкербез атты келіншектің:

– Осы күндері мектеп оқушылары арасында жүктілік кездесетінін білеміз. Сәбилерін қоқыс жәшігіне тастау, әлдекімдерге сату, ішкілікке құмарлық, жезөкшелік, жеңгетайлық, ажырасып кету, т.б қыздар арасында аз емес. Бұл ұлтымыздың абыройына, жарқын жүзіне жараспайды, көпшілігі орыс тілді – деді.

Мұны тыңдап отырған келіншектердің біреуі:

– Айкербез, жаным! Сіз оларды қалай «қыздар» деп тұрсыз? Олардың ендігі аты – салдақылар! Арамызда қазақ тілінде сөйлемейтін, кітап оқымайтын, қазақ әндерін білмейтін, тындамайтын, ата-енелерімен сыйласа білмейтін, тіпті ұлттық тағамдарды дайындай алмайтын қыз-келіншектер де жетерлік. Олардың шын бейнесі - тоғышарлық, – деп ашуға булықты.

Бұған кім кінәлі? Ең басты жауапкерлер – ата-аналар. Осы және басқа да тілімізге, дінімізге, ұлттық намысымызға опасыздармен тәрбиелік - тәлімдік шаралар жүргізілгенін естіген де, көрген де емеспіз. Осылай жайылып кете берсе, келешегіміз қандай күй кешпек. Бұл – жұмбақ.

Осы әңгімемізді Социалистік Еңбек Ері, қазақ әдебиеті мен өнерінің қайраткері, көр-екті жазушы ағамыз Ғабит Мүсіреповтың:

– Ана тіліміз барлық еркелігімізді көтере береді деп не жер баса алмай, не көкке ұша алмай қалғандарымыз да жолығады. Ана тілін құрметтемеу, ештемені сыйламау деген сөз. Жастар мұны қатты ескеруі керек. Жастар – біздің болашағымыз, Қатты айтып отырғанымыз сондықтан, – дегеніне әрқашан, жастар ғана емес, жасалмыс туыстар да жүрегінің төрінен орын берсе игі. Қазақ тілін ұлтымыздың баға жетпес игілігі ретінде қастерлеу әрқайсымыздың жоғары дәрежелі міндетіміз екенін ұмытпай, осы жорықта табанды күрескер болу қажет.

Болат БИСҰЛТАНҰЛЫ,
Ақсу ауданының Құрметті азаматы, Қазақстанның Құрметті журналисі.

ЭКОЛОГИЯ

БАСТЫ МІНДЕТ – ОРМАН ҚОРЫН САҚТАУ

Мемлекеттік орман қорына жататын, өзім қызмет атқаратын «Қапал орман шаруашылығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жалпы жер көлемі – 61677,0 га, оның ішінде орманды алқабы – 13713,0 га, ормансыз алқабы – 17964,0 га, оның ішінде жайылым – 12506,0 га, шабындық – 3,0 га, егістіктер мен тыңайған жерлер – 0 га.

Қазіргі таңда тек біздің ғана мекеменің емес, еліміз бойынша барлық орман шаруашылығы мекемелерінің өзекті мәселелерінің бірі – орман қоры жерлерін дұрыс және ұтымды пайдалану. Орман қоры жеріне шөп шабу мен мал жаю басты мәселенің бірі болып табылады. Бұл пайдалану түрі орман қорын жанама пайдалануға жатады. Мемлекеттік орман қорының аумағында шөп шабу және мал жаю орман шаруашылығы мекемелерінің учаскелерінде шөп шабу және мал жаю ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

Мемлекеттік орман қорының учаскелерін орман пайдаланушыларға шөп шабу және мал жаю кезінде, орман пайдаланушының өтініші мен қысқа мерзімді немесе ұзақ мерзімді орманды пайдаланғаны үшін төлемді растайтын құжаттар негізінде орман билеті беріледі.


Мемлекеттік орман қорының берілген учаскелерінде шөп шабу мен мал жаю орман билеттерінде көрсетілген мерзімде жүзеге асырылады. Орман билеті жоқ пайдаланушыларға орман қоры жерлеріне мал кіргізуге және шөп шабуға рұқсат етілмейді. Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық заңының 370 бап 2 тармағына (Орманда және орман қоры жерлерінде заңсыз шөп шабу, мал жаю) сай жеке тұлғаға 10350 тг айыппұл салынады және 1 бас мал үшін 1725,00 тг залал салынады.

Құрметті жерлестер, орман қоры еліміздің басты байлықтарының бірі екені баршамызға мәлім. Табиғат – жан-жануарлар мен өсімдіктердің ғана емес, біздің де асыраушымыз екенін ұмытпаған жөн. Орман жерлеріне заңсыз мал жаю табиғатқа үлкен зиянын тигізеді. Әсіресе орман ресурсын байытушы жас көшеттерді сындырып, пайдасы мол өсімдіктерге залал келтіреді. Сондықтан да «Қапал орман шаруашылығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің орман қоры жерлерін пайдаланушыларын заң жүзінде әрекет етуге шақырамын. Орман билеттері болмаған жағдайда заңға сәйкес ескертулер беріліп, хаттама толтырылады және айыппұл салынады.

Аян ҚАДЫРСЕЙТОВ,
«Қапал орман шаруашылығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 9-шы айналымның орман күтушісі.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

Әңгіме



БӨТЕН

Ұйықтап жатыр еді, денесінен бөлініп шығып кеткен өзін байқап қалды. Төсектен баяу тұрып, терезе жаққа кетіп бара жатқан өзінің екінші сыңарын сезіп жатыр. Қорқытып алмайын дегендей баяу ғана көзін кезекпен ашты да, аса сақтықпен сыңарының артынан терезе жаққа қарады. Өзінен бөлініп шыққан өзі терезе жақтауына арқасын қойып әйнектің арғы бетінде айдың сәулесі шағылысып тұрған, бір ай бұрын байқамай сынып кеткен шыны қалдықтарына қарап отыр. Өзін көрген оның бойында қорқыныштан гөрі таңырқау басым. Бір кезде сыңары жабық тұрған терезе әйнектерінен арғы бетіне еш кедергісіз өтіп кетті. Ол төсектен бірден қақшаң еткізіп басын көтеріп алды. Ақырын ғана орнынан тұрып терезенің алдына барды. Өзінің қимыл әрекетіне қарап тұрған кезде қарап тұрған сыңарының беті жас иленген қамырдай жерге ағып түсті. Таңырқап қалған ол терезеден жерге қарап еді, жұмылып-ашылып, жұмылып-ашылып, әр жерде ретсіз шашылып жатқан жүздеген көзді көрді. Қасында жатқан көздің қарашығына қарап еді, мұңайып тұрған өзін көрді.

Ұйықтап жатыр еді, денесінен бөлініп шығып кеткен өзін байқап қалды. Ол сыңарының артынан жүріп келеді. Олар аңырадай үлкен көшенің ортасымен кетіп бара жатыр. Қала тым-тырыс. Миллиондаған тіршілік бір уақытта мегаполис қаланы тастап кеткен. Айналаның бәрі адам мекендемеген ертегі қаладай тамаша болып тұр. Тек өзі кетіп барады және өзі бақылап кетіп бара жатқан өзіне еріп келеді. Алыстан аспанға көтерілген будақ-будақ шаң көрінді. Өзіне қарай жылдам келе жатқан шаңның арасынан үрке қашқан жүз мыңдаған табын киіктерді байқап қалды. Көшенің бойымен алдында кетіп бара жатқан сыңарын жарып өтіп өзіне қарай бір топ киік шыға келді. Екпінмен келе жақтан киіктер өзіне жете бере омақаса сүрініп құлап жатыр, құлап жатыр. Киіктер тау болып әрбір жерде үйіліп қалды. Ол сыңарының қайда кеткенін байқамай, ышқынып туа алмай жатқан аналық киіктің көзіне қарап тұр. Бірақ қандай жануар екенін танымады. Ойлап көріп еді, есіне түсіре алмады.

Ұйықтап жатыр еді, денесінен бөлініп шығып кеткен өзін байқап қалды. Топ болып қоршап тұрған адамдардың ортасында қалды. Оған қарап тұрған адамдардың түрлері өте таныс. Барлығы өмірінде көрген, араласқан адамдар секілді. Бірақ ешқайсысын танымады. Сонда да болмай есіне түсіргісі келіп талпынды. Өзіне қойған: «Мен бұларды қайдан көрдім?!» деген сұрақ миын айналдырып жіберді. Тесіліп қарап тұрған көзден қашып шықпаққа ұмтылды. Бірақ ол әрекеті сәтсіз болды. Қоршап тұрған адамдар арасынан бір жұпыны киінген кішкентай қыз келіп оның көзіне мұңайып қарап тұрды да, тізерлеп екі алақанын жайды. Ол бүлдіршін қыздың әбден тозығы жеткен жыртық киімінің арасынан ырсиып ашық тұрған нәзік қабырғаларын көрді. Қабырғаларының арасынан топ-топ болып тойынған ақ құрттар түсіп жатты. Ол жерде жыбырлап жатқан құрттарға қарап тұрған кезде қоршап алған адамдар шеңбер жасап оны айналып жүгіре берді. Екпіндерінің қатты болғаны соншалық, шеңбер қозғалысының жылдамдығын ғана сезді. Басы айналып құлап бара жатып, өзіне жымиып қарап тұрған өзін көрді…

Оянды. Жас құлынның мазасыз кісінеген дауысы құлағына келді. Шөптің арасынан басын көтерді. Көз жетер төңіректе табын-табын болып жабайы жылқылар жайылып жүр. Кішкентай көк құлын ары-бері тоқтаусыз шауып енесін іздеуде. Шөп арасына тығылып, аса сақтықпен жылқыларға шабуылдауға келе жатқан үйірлі қасқырды көрді. Жайбарақат жайылып жүрген жылқылар қасқырларды байқап қалып, үріккен бойы бейберекет тұра шапты. Тобымен жүгірген қасқырлар көк құлынды қоршауға алды. Бірақ үйірлі қасқырдың ешқайсысы құлынға бірінші болып шабуыл жасамады. Осы сәтте қасқырларды жарып өтіп, теріден киім киген жеткіншек бала көк құлынның қасына келді. Құлын үркіп қашпаққа ұмтылып еді, қимылы шапшаң бала қас пен көздің арасында жалынан ұстап үлгерді. Құлын тағдырына көндіккендей оқыс қимылға бармай тыныш тұр. Бала құлынды жалынан ұстаған күйі келген жолымен кері қайтты. Даланың қожалары қасқырлар да баланың артынан еріп барады. Анадай жердегі төбенің басында бақылап отырған аналық қасқыр айға қарап ұзақ ұлыды. Дауыс жетер даланың бәрінде аналық қасқырға қосылып ұлыған дыбыстар жалпақ даланы күңірентіп жіберді. Ұлып отырған аналық қасқырдың қасында көк құлынды жетектеп кеткен бала ойнап отыр. Баланың қасында құрсақта жатқан шаранадай бүктетіліп саусағын сорып жатқан өзін көрді.

Ұйықтап жатыр еді, денесінен бөлініп шығып кеткен өзін байқап қалды. Ол тау биігіндегі үңгірдің ішіне кіріп келеді. Үңгір тастай қараңғы. Үңгір ішіндегі тастардың жырақтарынан аққан су тамшы болып тастарға тиюде. Тастарға тиген тамшыдан шыққан дыбыс жаңғырық болып өзіне естілді. Ол жаңғырықты қызық көріп айқайлағысы келіп еді, өз дауысы өзіне естілмеді. Төбеде шиқылдап ары-бері ұшып жүрген жарқанаттар қаптап жүр. Үңгірге сәлде оранып алған ұзын бойлы ер адам кірді де, жүріп отырып үңгірдің қуысына келіп тоқтады. Үңгірдің іші бір сәтке аппақ сәулеге бөленді де, жалт етіп жоқ болды. Төбеде тасқа жармасып отырған жарқанаттар аппақ сәуле шашылған кезде жапатармағай жерге құлап түсті. Ол құлаған жарқанаттың сынған қанатына қарап тұрып еді, үңгірге сәлде оранып алған ұзын бойлы ер адам кірді де, тез-тез жүріп отырып үңгірдің қуысына келіп тоқтады. Осы кезде үңгірдің іші тағы да аппақ сәулеге бөленді де, жалт етіп жоқ болды. Ол тағы да құлап қалды ма деп жарқанаттарға қарап еді ешқандай жарқанаттарды көрмеді. Бәрі ізім-ғайым жоқ болып кеткен. Кішкентай сынық тастың түбінде бір нәзік зат қозғалғандай болды. Қасына барып қолын созып еді, үңгірге кіріп келе жатқан сәлде оранып алған ұзын бойлы ер адамды көрді. Әлгі адам аяғын тез-тез басып үңгірдің қуысына жете береп еді, үңгірдің іші тағы да аппақ сәулеге бөленді де жоқ болды. Ол жарқанаттарды іздеп тағы төбеге қарады. Төбеде сан мыңдаған түрлі-түсті әр түрлі кейіптегі көбелек қаптап ұшып жүр. Мыңдаған көбелек оның денесіне, басына, қолына қона бастады. Ол өзін қаумалаған көбелектерден көрінбей кетті. Иығына қонған күлгін көбелектің қанатындағы иректерге көзі түсті. Неше түрлі бояуға бөленген иректердің ішінен кетіп бара жатқан өзін көрді. Бір кезде көбелек біткен дүр етіп көтеріліп, үңгірдің аузына қарай ұмтылды. Ұшқан көбелектермен бірге ол да жүгірді. Үңгірдің аузына жете беріп еді, матаға оранған ұзын бойлы ер адамды көрді. Әлгі адам аяғын тез-тез басып қараңғылыққа сіңіп кетті. Ол кеткен адамның артына қарай отыра үңгірден шығып еді, бір-бірінің денесін шикідей тісімен жұлып жеп жатқан адамдардың ортасына түсті. Шыңғырып жылаған әйелдер мен шырылдай қашқан балалардың тірідей денесінен ет кесіп жеп жүрген еркектер қаптап жүр. Жер біткен өлексенің иісі мүңкіп, сасып кеткен. Жер ұйыған қанның бетінде быжынап қаптап жүрген шыбындардан көрінбейді. Ол түкке түсінбей қарап тұр. Ол алыстан өзіне айқайлап қашып келе жатқан ер адамды көрді. Ер адам оған жете берген кезде жас әйел қолындағы қылышымен басының ми қабатын бөліп түсті. Еркек жерге құлады. Былжырап тұрған былқылдақ миы топыраққа қарай аға бастады. Аққан миды көрген әйел қомағайлана ұмтылды… Лездің арасында қатты жел тұрды. Төңіректің бәрі қара түнек дауылдан көрінбей кетті. Аспанды қып-қызыл бұлт торлады да, ыстық оттан жаратылған жаңбырларын төгіп-төгіп жіберді. Жан-жаққа шыңғырып қашқан адамдарды отты тамшылар күйдіріп еріте бастады. Ол аспаннан ағып келе жатқан оттарға басын жоғары көтеріп қарап тұрып еді, бір сәтте айналаның бәрінде ыстық оттан жасалған көл пайда болды. Дауыл тоқтады, шоқ болып аққан жаңбыр да басылды. Отты көлдің бетінде малтып келе жатқан нар түйені көрді. Үстінде сәлде оранған ұзын бойлы ер адам отыр. Жақындап келіп анықтап қарап еді, өзін көрді.

Ұйықтап жатыр еді, денесінен бөлініп шығып кеткен өзін байқап қалды. Ол өзіне қарап тұр. Екеуі бір-біріне көз тайдырмай қарауда. Екеуі жалғыз емес еді. Олар тұрған кеңістік өздерінен бөлініп шыққан өздеріне қарап тұрған миллиардтаған адамнан көрінбейді. Ешқандай қозғалыс жоқ. Өздеріне қарап тұрған өздері ғана. Астарынан және үстерінен тамырымен жұлынған әртүрлі формадағы алып бәйтеректер ұшып барады. Бәйтеректің бұтақтарында, жапырақтарында кішкентай адамдар отыр. Барлығы оған қарап сықылықтап күлуде. Ол өзіне көз тайдырмай қарап тұрса да, аяғының астынан және басының үстінен ұшып бара жатқан ағаштарды көріп тұр. Қасыннан өтіп бара жатқан қисықтау бәйтеректің бұтақтарында отырған кішкентай адамдардың арасында, теріс қарап тізесін құшақтап отырған адамды көрді. Ол қолын әлгі адамның иығына қойып өзіне қаратып еді, беті жоқ өзін көрді. Қолын өзіне қарай тез жинап алды. Айналасында ешкім жоқ. Жалғыз өзі ғана қалған. Аспаннан түсіп келе жатқан еркек пен әйелді көріп, оларға қарай бар екпінімен жүгіріп келеді. Төңіректің бәрін жаңа ғана жауған аппақ қар басып қалған. Ол қардың үстімен жалаң аяқ жүгіріп келеді. Жалпақ-жалпақ қой тастардың үстінде мұңайып отырған еркек пен әйелдің қасына жақындап барып тоқтады. Олардың қимыл-қозғалыстарын ол бақылап тұр. Қамшы тастам жердегі шөптің арасымен жылан ирелеңдеп жылжып барады. Әйел үнсіз жылай бастады. Еркек теріс қараған күйі қасында сынып жатқан жуан бұтақты жапырықтарынан аршып, жерге шаншыды. Ол әйелге қарай ақырын адымдап, жақындап келеді. Әйел жылағанын қояр емес. Жанына жақындап келіп, жүзіне назар салды. Әжім басқан бетіне қараған кезде, өзін туған шешесін көрді. Шешесінің жанары суалған көздеріне қарап тұрып, неліктен аз уақытта қартайып кеткенін білгісі келді. Бірақ түсінбеді. Түсінуге мүмкіндігі де болмады. Шешесі орнынан тұрып бүкірейген белін жазды. Ол еті қашып кеткен қолын қос қолдап иіскеді.

Ұйықтап жатыр еді, денесінен бөлініп шығып кеткен өзін байқап қалды. Ол өзін жанталаса қуып келеді. Қанша ұмтылып жүгіргенімен жете алатын емес. Қол созым жерге дейін жақындап, енді ұстай бергенде жалт етіп бұрылып кетті. Ол сонда да қалмай өзін қуып келеді. Ол қуған күйі шыңдарын ақ мұз басқан таулардан асып өтіп, шағын ғана зираттың қасында жаңадан қазылған көрді қоршап тұрған бір топ еркектің арасына келіп түсті. Дымқыл жас топырақтың буы жайылып шығып жатыр. Төрт жігіт ақ матаға оранған өлікті алып келді. Айналадағы адамдардың ешқайсысы жыламады. Жігіттер өлікті көрдің ішіне орналастырып, тез-тез топырақ лақтырып көме бастады. Қаптап тұрған еркектердің бәрі көрге жақындап келіп, сары топырақты шұңқырға уыстап лақтырып кетіп жатыр. Сәл уақыттан кейін қабірдің қасында ол және өзі қалды. Ол жақындап келіп қабірдің үйілген топырағына екі аяғын салып ішке қарай бата берді. Топырақтың ішінде өзі қалды. Тастай қараңғы. Ол қабірдің өлік орналасқан қырындағы кірпішті саусағымен тырнап, өзіне қарай тарта бастады. Біраз әуреленіп алғашқы кірпішті ала берген кезде арғы жақтан жарық түсті. Ол үңіліп тесікке қарады. Өзінің балалық кезі өткен ескі үйін көрді. Ағаш үстелдің үстінде май шам бітуге жақындап әлсіз ғана жанып тұр. Қолындағы тұскиізін ұзынша келген сүйек бізбен тігіп отырған шешесін көрді. Фольклорлық ескі әнді ыңылдап салып отыр. Келесі бөлмеден жақында туған лақты мойнындағы жіппен сүйреткен күйі кірген бір жарым жастағы кішкентай бүлдіршін өзін көрді. Шешесі істеп отырған жұмысын қойып, лақтың мойнындағы жіпті шешіп жіберіп өзін көтеріп алды да, құшарлана тамағынан иіскеді. Ол сықылықтап келіп күлді. Сыртқы есік ашылды. Ішке кірген әкесімен бірге сықырлаған аяз да ішке енуге талпынды. Әкесі есікті жауып, шешесінің құшағына жабысып отырған өзін көтеріп алып, басынан асыра шыр айналдырды. Әкесі баласын жерге түсірді де, өзі ескі радионың құлағын шұқып күйге келтіруге тырысып жатыр. Быжылдаған жағымсыз дауыс өзінің құлағын ауыртты. Үстелдің үстіндегі майшам сығырайып барып сөніп қалды. Қараңғыда қалған бала еңіреп жылап жіберді. Шешесін іздеді. Бұрыштағы қарауытқан жерден сұлбасы көрінген шешесі өзіне шақырды. Бала шешесіне талтаңдап бара жатып сүрініп құлады. Шешесі тағы да шақырды. Ол шешесіне жетемін деп тағы сүрінді. Шешесі биіктей берді. Ол қанша жүгіргенімен сүріне берді. Бала бар жан-тәнімен шырылдап жылап жатыр. Шешесі биіктей берді…

Ол осының бәрін көрдің ішіндегі кірпіштің тесігінен бақылап тұрды. Бойында ешқандайда адамға тән сезімнің белгілері білінбеді. Жарық сөнді. Көрдің іші тастай қараңғы. Ол өлікті ораған матаны шеше бастады. Өліктің басындағы соңғы матаны ашып қалып еді, көгеріңкірей бастаған өзін көрді.

Ұйықтап жатыр еді, денесінен бөлініп шығып кеткен өзін байқап қалды…

Қолғанат МҰРАТ
qazaqadebieti.kz сайтынан алынды.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru



СУ ЖҰТҚАН ІЗДЕР

Бұл әңгімелер сол бір жатаған балшық тамдар секілді ескіріп кетті. Осы күні жұртында сағынышыңды қозғар құрайлар да боздап тұрған жоқ. Бұл пенделер де өлшеулі ырыздығын сарқып ішіп, қаңбақ пен ебелек байырқалаған қырдағы қырық рудың моласына сіңген.

«Қара нардың бұйдасын жау кескенде, қара арғымақтың жалын қанға бояп» айдауда, байлауда кеткен ерлер еді… Жиырма жыл бұрын бұғалыққа басы симай бұлқынып кетіп, жиырма жыл кейін бодан болған жұртына оралған.

Бұл от алғаш Такламакан шөліндегі түрмеден санасы сабандай сарғайып оралған Ақаштың шаңырағынан тұтанды. Тағдыр талқысы құс шөлдеген құмдағы тозақ түрмемен ақырласпапты. Жиырма бесінде жалғыз баламен еңіреп қалған уыз жесірдің сыйы бар екен. Именшіктей келіп, әке бауырына тығылған екі ұлдың біреуінің бөгенайы бөлек, ұрқы бөтен.

Мауқы басылып, басу айтқан үлкендер төрге жайғасқанша туысқандардың бірінің баласы болар деген.

Олай болмады…

– Қарағым Ақаш! «Қырық жыл қырғын болса да ажалды өледі». Тозақтың төрінен аман оралдың. Татар дәмің, көрер жарығың бар екен. Шүкір де! Жақсы атаның баласысың ғой. Есті сөзге есер ғана тайталасар! Заман әйел түгілі, қарағайға қарсы біткен бұтақтай қайсар ерлердің де еңсесін идірді! Бала саған бөтен болғанымен ұлыңа іні… Жатырқама, бауырыңа бас!

– «Бұқа кімдікі болса да, бұзау өзімдікі» дегізбекшісіңдер ғой, сонда! Көне алмайды екем мұндай қорлықтарыңа! Төсегімді жатқа бөлісіп, онымен қоймай көлденең көк аттының ұрлық ұрпағын бауырыма басып, мекіренер жайым жоқ!

Ақаш шала бүлініп, шалқалап тулаған жоқ! Шарт кетті. Морт сынды. Сол күні ауыл шетіндегі иесіз үйге төсек орнын көтеріп барып, жайғасып алды. Ізделіп келіп иіктірмек болғандарға ит қосып, қырдан асырды. Ағайын түгілі «аудандық әкімшіліктенбіз» деген өкілсымақтардың артынан жалғыз тепті.

Ақаш – Алтай бетіндегі ғұлама кісінің ұрпағы еді. «Қара суды теріс ағызатын оқуы қатты» десетін. Былайғы жұрт құрмет тұтады. Оның бұл қылығын бірі айыптаса, бірі жақтады.

– Тұзы жеңіл емес еді, сорға біткен көркі бар ғой. Ол заманда шолақ белсендінің шеңгелінен кім құтылсын! Қауқарсыз әйелдің қапысын тапқан да.

– Жақсылы-жаманды ұрпағын өсіріп, отын өшірмей күтті ғой, байғұс! Обал болды. Байы Тарымға кетпей-ақ, күл төге барып етегін елге де, желге де ашатындар бар ғой! Оның қасында…

– Жиырма жылын тар қапаста өткізіп, заманға есесі кеткен кекті адамға не деп кінә артасың!

Уақыт өте келе ауыл шетіндегі Ақаш жатқан мұқыр тамға да жұрттың көзі үйрене бастады. Құран хатымдар мен жаназа намазынан бастап, көктемде «құс қайттысы» ұстаған елірмеге дейін сол там иесінің табалдырығын аттайтын.

Ақаш соғымынан бастап, ішер тамағынан тарыққан жоқ. Шайының бетін ағартатын сүтінің өзін көрші-қолаң мойынына алған. Әңгімені шырқау биігіне сол сүтші қыз шығарды. Анығы, Ақаш әр күні үйіне сүт апарып жүретін он бес жасар ақүрпек қызбен байланысты. Ата үйіне бара алмаса ауырып, жатып қалатын қыздың бір күндері кіндік асты буазып, дөңгелене қалған. Әдемі қой көздері былшықтанып, жұқалтаң жүзіне ноқталы секпіл жүгірген. Анасы қызын қыспаққа алсын.

– Албасты басқыр! Айт шыныңды! Кіммен әуейі болдың?

– Айтпаймын!..

– Сүйреп әкеңнің алдына апарамын!

– Олай жасай көрме, апатай!

– Айт, шыныңды?!

– Ата мені құшақтап….

Қыз анасы тұрған орнында шыр көбелек айналып барып құлап түсті.

– Айналайын, ооууу! Ол дегенің сенің әкеңдей кісі ғой!

Сол күннен бастап анасы қызын үйден аттап бастырған жоқ. Мына масқара жұртқа жайылып кетпей тұрғанда құтты орнына қондырудың амалына кіріскен. Алайда…

Ескіті жабайы мысықтай тырнап, ыңырсыған қыздың мұнан да ауыр дерті бар болып шықты.

– Атамның үйіне сүт апарамын, жіберіңдер мені!

Қыз біртіндеп тамақтан, судан қалып, тірі аруаққа айналды. Айтатыны жалғыз сандырақ. «Атамның үйіне барамын!».

Сонда барып бар пәле сүт апарғанда атасы беретін жалғыз тал қанттан келгенін білген. Желдің қайдан соғып тұрғанын аңдаған туғандары жиналып, Ақаштың алдына барды. Ақаш кінәсын мойнына алды.

Ары-бері айыптаудан кейін қыз жақындары айтты:

– Ақыры «болары болып, бояуы сіңген екен!» Жолымен, жөнімен ұзатып берелік. Оған дейін біраз уақыт керек. Баланы көктей солдырма. Ықыласыңды қайтарып ал!

Ақаш келісті.

Атқан таңмен серт етілген дұғаның батқан күнмен қайту жоралғысы жасалды. Араға ай салмай шикі еті тамырланып қалған қызды алыс ауылдағы момын жігітке бір түнде ұзатып салды. Бұл ұзатуда намыс та кек те бар еді.

Сол қыз барған жерінде басы бақырдай ұл тапты. Және сол – ұл Ақаштың жер бетіндегі өзінен аумайтын жалғыз тұяғы еді.

Ал келінді көрген жұрт «ақылының бір қайнауы ішінде екен. Дуаланған адам сияқты мәңгіріп жүреді» десетін.

Қолына қондырмақ болған балапан құсы қапияда жер иіскетіп кеткен Ақаш көп өтпей үйленуге рұқсат сұрап, қара шаңырақтағы ағасына барған.

Аяғын шелектегі ыстық суға малып, қалың кітапқа шұқшиып отырған аға айтыпты:

– Ал, кіммен отау көтерейін деп жатырсың? Дәуде болса он сегізге келер-келмес пакизат жан болар?

– Қайдан, аға! Екі баласы бар келіншек.

– Жә, онымен байы неше рет жатты екен, сұрай алдың ба?

– Қызықсыз ғой, аға!

– Жауап бер!

– Енді… екі бала тудырғанша қанша рет… кім санап жүрер ондайды?

– Онда өзгемен жалғыз рет, оның өзінде шарасыз қосылған сенің әйелің саған әлдеқайда пәк болар.

– Аға…

Аға сонда шелектегі судан аяғын суырып алып, Ақашқа ежірейе қарап:

– Із қалды ма? – деп сұрапты.

– Жоқ!

– Онда есіңде болсын! Бұл да сондай шаруа. Кегіңді жазықсыз жаттан алыпсың ғой. Айда! Өз қатыныңның үйіне бар!..

Ғалымбек ЕЛУБАЙ
qazaqadebieti.kz. сайтынан алынды.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

СОВЕТУЕТ СПЕЦИАЛИСТ

ПО СВЕДЕНИЮ ИСТОЧНИКА KAPITAL.KZ, ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬНИЦА ЖАМИЛЯ ЭРНАЗАРОВА ПРИЗЫВАЕТ КАЗАХСТАНЦЕВ ПРОВЕРЯТЬ ЛИЦЕНЗИЮ КОМПАНИИ, ПРЕЖДЕ ЧЕМ ВКЛАДЫВАТЬ СВОИ СРЕДСТВА.

КАК НЕ СТАТЬ ЖЕРТВОЙ ФИНПИРАМИДЫ



Предпринимательница, основательница сообщества предпринимательниц Казахстана «UMAI», член Международной ассоциации профессиональных коучей IPACT Жамиля Эрназарова рассказала, что заставляет казахстанцев нести деньги в финансовые пирамиды. Схемы финансовых мошенничеств самые разные, в последнее время появляются новые криминальные сценарии. И если раньше под финпирамиды маскировались всевозможные «клубы по интересам», сейчас, например, мошенники могут представиться инвестиционными советниками и прочими «инвесторами» и «консультантами». Финансовая пирамида — это всегда мошенническая схема, в которой доход первым участникам пирамиды выплачивается за счет средств последующих вкладчиков. Информация об опасности пирамид есть в открытом доступе. Тем не менее большинство людей вкладывают свои сбережения, а порой и берут кредиты для этого. По данным МВД Казахстана, в 2022 году жертвами финпирамид стали свыше 30 тысяч казахстанцев.

«Людьми движет желание быстро разбогатеть, вкладываясь в пирамиду. Приумножить свои средства в десятки раз в короткое время — основное желание вкладчиков пирамид. Как утверждают психологи, у многих участников финансовых пирамид в голове может быть заложен неблагоприятный жизненный сценарий», — говорит Жамиля Эрназарова.

«Многие поверили в продукт, кто-то поверил человеку, который его привлек, кто-то поверил в идею, кто-то поверил в удачу. И таких людей немало. Как правило, они неуспешны, им трудно, они не могут рационально строить свою жизнь, взвешенно принимать решения. Они действуют, основываясь на эмоциях, на доверии, ощущениях, интуиции. Сетевая структура для них отдушина, очередная попытка доказать себе что-то. Самореализоваться», — добавила Жамиля Эрназарова.

Обезопаситься от финансовых мошенничеств можно, соблюдая простые базовые правила. Прежде всего, проверьте наличие лицензии у компании, в которую намерены инвестировать. Лицензию всегда нужно перепроверять на сайте Агентства регулированию и развитию финансового рынка. Не доверяйте фотографиям, скриншотам — самостоятельно проверьте данные. Это не займет много времени, но, возможно, поможет сохранить ваши средства в перспективе.

«Если компания гарантирует вам доходность в инструментах, связанных с торговлей, фондовым рынком, акциями, облигациями, золотом, криптовалютой — всем, чем угодно, то перед вами мошенники. Гарантий на этом рынке нет и не будет», — сказала Жамиля Эрназарова.

Кроме того, по ее словам, стоит насторожиться, если просят зачислить ваши инвестиции к третьим лицам на карту.

«К примеру, сделать им перевод на личный счет в другом банке. Инвестиционная компания никогда не будет просить принести им наличку или крипту. Они открывают вам собственный счет, куда вы сами переводите деньги», - пояснила Жамиля Эрназарова.

ОБРАЗОВАНИЕ

РОДИТЕЛИ ТРЕБУЮТ НЕ ПРОДЛЕВАТЬ УЧЕБНЫЙ ГОД

В АЛМАТЫ РОДИТЕЛИ ГОТОВЫ ПОДАТЬ В СУД НА МИНИСТЕРСТВО ПРОСВЕЩЕНИЯ. ОДНА ИЗ ОБЩЕСТВЕННИЦ ОЛЬГА ЮРКОВСКАЯ И ЕЕ ЕДИНОМЫШЛЕННИКИ УЖЕ ПОЛТОРА ГОДА БОРЮТСЯ ЗА ПЯТИДНЕВКУ И ОТМЕНУ ПРОДЛЕНИЯ УЧЕБНОГО ГОДА. ЗА ЭТО ВРЕМЯ ВЕДОМСТВО ПЫТАЛОСЬ ПРОДЛИТЬ УЧЕБУ ДО 17 ИЮНЯ, А НАЧАТЬ ЕЕ С 20 АВГУСТА. ВСЕ ЭТИ ИНИЦИАТИВЫ АКТИВИСТЫ ОТБИЛИ, ПЕРЕДАЕТ ИА «NEWTIMES.KZ» СО ССЫЛКОЙ НА «31 КАНАЛ».



«Уроки с субботы раскидали среди недели. Делается это для того, чтоб доказать, что наши дети учатся меньше, чем за границей? Неправда. Если сравнивать запад, у них пятидневка, но по четыре урока в день. Четыре урока и шесть, или даже восемь, как у наших детей — разница есть. Необходимо часовую нагрузку за год сравнивать», — говорит общественница.


По подсчетам активистов, учебный год просто увеличили на две недели. На два дня сократили зимние каникулы, на три — весенние, и на шесть дней дети учатся дольше в мае. По данным казахской лиги экспертов образования, это не обосновано и нецелесообразно ни с точки зрения качества образования, ни экономии бюджетных средств.

«Если посчитать годовую нагрузку, то ученик 4 классов раньше выполнял нагрузку 850 часов в год, сейчас увеличилась нагрузка до 872 часов. Разницу мы определенную здесь видим. Берем международную практику. Нагрузка в начальных классах 799 часов. А у нас — 841 час. В старших классах нагрузка варьирует от 1 098 часов до 1 396 часов», — говорит президент казахской лиги экспертов образования Гульнара Абишева.

СИТУАЦИЯ

ЗАРЯЖАЮЩИЙСЯ ТЕЛЕФОН СТАЛ ПРИЧИНОЙ ПОЖАРА

В Усть-Каменогорске в девятиэтажном жилом доме по адресу Набережная имени Славского, в квартире на седьмом этаже произошел пожар, передает МИА «Казинформ» со ссылкой на пресс-службу МЧС РК.



Оперативно прибыв на место происшествия, огнеборцы ДЧС ВКО в первую очередь эвакуировали по лестничному маршу 20 человек, из них 5 детей. Приложив максимально все усилия, используя спецтехнику для тушения пожаров на высотных домах, огонь был ликвидирован на площади 20 кв.м. Горели личные вещи, мебель. Как оказалось, в квартире, где был очаг, никого не было.

Жертв и пострадавших нет.

Предварительно причиной пожара послужило несоблюдение требований пожарной безопасности при эксплуатации электрооборудования — оставленный в сети сотовый телефон.

В тушении пожара было задействовано 18 человек личного состава и 6 единиц спецтехники ДЧС Восточно-Казахстанской области.

ДЧС ВКО напоминает о соблюдении правил пожарной безопасности:

— не оставлять включенными электроприборы, уходя из дома;

— своевременно устранять нарушения;

— не включать в одну розетку сразу несколько электроприборов.

Правила поведения при пожаре:

— при пожаре немедленно обращайтесь по номерам «101» или «112»;

— не поддавайтесь панике;

— до прибытия пожарных примите меры по эвакуации людей, сообщите соседям;

— отключите электричество;

— двигайтесь по лестницам, пользоваться лифтом во время пожара запрещено.

— если выход отрезан, заделайте все щели в дверях мокрыми тряпками, позовите на помощь, ожидайте приезда пожарных в безопасной зоне (балкон, кровля дома). Прижмитесь к полу, прикройте рот и нос мокрой тряпкой.

— на балконе плотно закройте за собой дверь, для того чтобы прекратить доступ кислорода к очагу пожара. Это дополнительное время для спасения.

ПРОИСШЕСТВИЕ

МОЛНИЯ УДАРИЛА РЕБЕНКА

В Алматинскую областную детскую клиническую больницу поступил 11-летний мальчик с сильными ожогами. Спина, поясница и часть левой ноги ребенка были обожжены ударом молнии, передает корреспондент МИА «Казинформ».

«31 июля на машине скорой медицинской помощи поступил 11-летний мальчик, который получил травму в результате удара молнии. Диагноз: термический ожог спины, поясничной области и левой нижней конечности. Жалобы при поступлении — беспокойство, боли в области ожоговых ран. Ребенку была оказана экстренная помощь. Пациент проходит лечение в травматологическом отделении по протоколу. Состояние оценивается как средней степени тяжести», — отметил заместитель директора больницы Аскар Калиев.

Врачи предупреждают, что в июле и августе отмечается частые удары молний по земле, и призывают родителей быть осторожными со своими детьми. В целях предупреждения трагедии врачи больницы предоставили родителям памятку.

"Если гроза застала вас на открытом пространстве, не прячьтесь под отдельно стоящими деревьями — они могут притягивать молнии. Особенно опасны тополя, ели и сосны. Спрятаться лучше в ландшафтных углублениях (ямах, канавах, оврагах) или в водопропускных трубах под автомобильными дорогами. Достаньте из карманов металлические предметы (ключи, цепочки, игрушки). Если вы катались на велосипеде, лучше отойти от него минимум на 30 метров и не возвращаться до окончания дождя. Отключите на время грозы телефон.

Если гроза началась во время купания в водоеме, срочно выйдите из воды и отойдите от берега на 100 метров. Вода — хороший проводник электричества и притягивает молнии. По возможности спрячьтесь в автомобиле или здании. Если такой возможности нет, следуйте рекомендациям выше.

Если гроза застала в городе, прогулку лучше прекратить и переждать ненастье в ближайшем здании. Переждать грозу на остановке небезопасно: на ней нет громоотвода, кроме того, сильный ветер может опрокинуть конструкцию.

Если гроза застала дома, выключите из сети все электроприборы, закройте окна и форточки. Не выходите на балкон или во двор — любуйтесь грозой через закрытое окно, а если начался град, то лучше отойти от окна на случай, если градинки разобьют стекло.

Полосу подготовил Шора ХАМИТОВ

Бейсенбі - Четверг, 24 тамыз

ҚАЗАҚСТАН

06.05 «Жәдігер»
06.25, 10.00, 13.00,20.00, 00.35 «Ақпарат»
07.00 «Таңшолпан»
10.10, 18.00 Т/х «Жазықсыз жүрек»
12.00, 13.10, 20.35 Т/х «Жат бауыр»
14.10, 03.35 «Ауылдастар»
14.45 «Қызық екен»
15.45, 02.25 Т/х«Ауыл мұғалімі»
16.45 «Қорғансыз бала. Қорғалған бала» арнайы жоба
17.15 Мультхикая
22.30 Т/х«Қызғалдақ мұңы»
23.25 «Жүзден жүйрік»
01.10 «Сана»
03.10 Өзекті»

ХАБАР

05.00 Т/х «Тек қана қыздар»
08.00 «Сол бір кеш» концерті
10.00 «В фокусе»
10.30 «Әрекет»
12.00, 20.00 Т/х«Шах сарайының құпиялары»
14.00 Т/х «Пәленшеевтер-4»
15.00 «Асыл қазына»
16.00, 23.00 Сериал «Родственные связи-2»
18.00 Новости
18.20 Итоги
19.00 Жаңалықтар
19.20 Ток шоу «Біздің мақсат»
21.45 Т/х«Махаббатым жүрегімде»

АСТАНА

06.00 Т/х «Ене»
06.20 Т/х«Кішкентай келін»
07.20 М/с «Маша и медведь»
08.50,21.00 «Осман-2»
09.50, 17.50 Сериал «Осколки»
12.20, 00.00 Т/х «Қара ниет-3»
14.10 Т/х«Ақжауын»
15.10 «Ащы шындық» тележобасы
20.00 «Астана таймс»
21.55 «Лакшми» үнді т/х
01.50 Т/х «Жаралы сезім»

ЕВРАЗИЯ

06.00«Тамаша сити»
07.00 «Паутина»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.00 «Жить здорово»
10.55 «На самом деле»
12.00 Сериал «Охота на изюбря»
14.10, 02.45 Новости
14.20, 02.50 Жаңалықтар
14.30 QOSLIKE
18.30, 03.45 Басты жаңалықтар
19.00, 03.00 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Сериал «Невский. ТеньАрхитектора»
00.40Сериал «Серебрянный волк»
01.50 «Дом образцового содержания»

КТК

07.05, 19.30,04.30-05.00 Кешкі жаңалықтар
07.30 Т/х «Мен сұлумын»
08.00 Т/х «Жүрегімнің иесі»
09.20, 21.00 Вечерние новости
09.50, 01.45 «Было дело»
10.50, 23.40 «Практикант-3»
13.00, 21.30 «Цвет страсти»
15.00 Т/х «Намыс»
20.00, 02.30 «Астарлы ақиқат»
03.10 Т/х «Алтын бақ»
04.10 Мерекелік концерт

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Ой-сарап»
11.30 «Архивтегі ақиқат»
12.00 «Тэ Чжоён» телехикаясы
13.05 «Эко-рейд»
13.30 «Әсем әуен»
14.30 «Бүгін»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.25 «Жетісу жауһарлары»
15.30 Жаңалықтар
15.45 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Әсем әуен»
16.30 Новости
16.50 «Тарихнама»
17.00 «Жүрек сөзі»
17.30 «Әсем әуен»
18.00 «Сегодня» /тікелей эфир (Жетісу)
18.40 «Саулықтың сыры»
19.00 «Ой-сарап»
19.30 «Ел қамы»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Тэ Чжоён» телехикаясы
23.00 Д/ф «Кең ауқымда»
23.30 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00, 03.30 Әзіл студио
06.30, 02.30, 04.30 Ватсап
07.00, 20.00 Информбюро
08.00, 23.50 Т/х«Жапырақтар төгілгенде»
10.00 Т/х «Құнсыз келін»
11.00, 12.00 Мультсериал
12.50 Х/ф «Охотник за головами»
15.20 Т/х «Пиксели»
17.40 Кино«Джуманджи»
21.00 Х/ф «Три икса»
01.30 «31 әзіл»
03.50 «1001 әзіл»
04.00 Bala Battlle
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00, 05.10 «Қуырдақ»
07.00, 00.00 Т/х «12 күн»
07.40, 00.40 «Айна онлайн»
08.00 «Семейные узы»
09.00, 18.00 Сериал «Спасти Веру»
11.00, 20.00 Сериал «Балабол-5»
13.00 «Q-елі»
14.00, 23.00 Т/х «О, махаббат»
15.00, 22.00 Т/х «Шырғалаң тағдыр»
16.00 Сериал «Девушки с Макаровым»
17.00 Сериал «Женский доктор»
01.40 «Жайдарман»
02.40 «Тамаша 7 км»
03.40 Т/х «Япырай»
04.10 «Жеңіп көр»

Жұма - Пятница, 25 тамыз

ҚАЗАҚСТАН

06.05 «Жәдігер»
06.25,10.00,13.00,20.00,01.05 «Ақпарат»
07.00 «Tansholpan»
08.15 «Джунгли кітабы» м/ф
10.10, 18.00 Т/х «Жазықсыз жүрек»
12.00,13.10, 20.35 Т/х «Жат бауыр»
14.10,03.40 «Ауылдастар»
14.45 «Қызық екен»
15.35 «Бірегей»
16.15,02.50 т/х «Ауыл мұғалімі»
17.15 М/х «Сүйкімді София»
22.30 Т\х «Қызғалдақ мұңы»
23.25 Концерт «BEU FEST»
01.40 «Гауһартас» мәдениет бағдарламасы

ХАБАР

05.00 Т/х «Тек қана қыздар»
08.00 Концерт «Биле»
10.00 «Менің өмірім»
10.30 «Jup-jubumen»
12.00,20.00 т/х «Шах сарайының құпиялары»
14.00 «Пәленшеевтер -4»т/х
15.00 «Асыл қазына»
16.00 Т/с «Родственные связи -2»
18.00 Новости
18.20 Ток шоу. Итоги
19.00 Жаңалықтар
19.20 Ток шоу. Біздің мақсат
21.45 «Қызық tims»
22.45 Мегахит «Гнев»
00.30 «Төрлетіңіз»

АСТАНА

06.00 Т/х «Ене»
06.20 Т/х «Кішкентай келін»
07.20 Мультфильм
08.50, 21.00 Т/х «Осман-2»
09.50 Сериал «Осколки»
12.00,00.00 Т/х «Қара ниет-3»
14.10 «Ақ жауын» Т/х
15.10 «Президент пәрмені»
15.20 «BAS Times»
17.00 Х/ф «Зита и Гита»
20.00 «Астана таймс»
21.55 «Лакшми» үнді телехикаясы
01.50 «Жаралы сезім»х/ф
01.50 Т/х «Жаралы сезім»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Тамаша сити»
07.00, 03.30 «П@утина»
08.00 «Қайырлы таң Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро Казахстан!»
10.00 «Жить здорово»
10.55 «На самом деле»
12.00 Сериал «Охота на Изюбря»
14.10 «Новости»
14.20 «Жаңалықтар»
14.30 «Қослайк»
18.30 «Басты жаңалықтар»
19.00 «Koremiz» бағдарламасы
20.00 «Главные новости»
20.35 «Поле чудес»
22.00 Т/с «Живая вода»
02.00 Новости
02.10 Жаңалықтар
02.20 «Көреміз»
03.05 Басты жаңалықтар

КТК

07.05 «Кешкі жаңалықтар»
07.30 «Мен сұлумын» т/х
08.00 «Жүрегімнің иесі» т/х
09.20 Вечерние новости
09.20, 01.35 «Было дело»
10.50 «Практикант - 3»
13.00 «Цвет страсти» Х/ф
15.00 Т/х «Намыс»
19.30 «Кешкі жаңалықтар»
20.00 «КТК веб»
21.00 «Вечерние новости»
21.30 мелодрама «Авария»
02.20 «КТК веб»
03.00 Т/х «Алтын бақ»
04.00 «Мерекелік концерт»
04.30,05.00 Кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Ой-сарап»
11.30 «Ел қамы»
12.00 «Тэ Чжоён» телехикаясы
13.05 Д/ф «Ғажайып мәдениет»
13.30 «Әсем әуен»
14.30 «Сегодня»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.25 «Жетісу жауһарлары»
15.30 Жаңалықтар
15.45 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Әсем әуен»
16.30 Новости
16.50 «Тарихнама»
17.00 «Шашу»
17.50 «Жетісу жауһарлары»
18.00 «Иман нұры»
18.40 «Саулықтың сыры»
19.00 «Әсем әуен»
19.30 «AgroLife»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Тэ Чжоён» телехикаясы
23.00 Д/ф «Кең ауқымда»
23.30 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00, 02.00 «Әзіл студио»
06.30, 03.00, 04.30 Whats up?
07.00 Информбюро
08.00, 23.00 Т/х «Жапырақтар төгілгенде»
10.00 «Құнсыз келін»
11.00 М/с «Команда мстители»
11.30 М/с «Маша и медведь»
12.00 Х/ф «Джуманджи»
14.20 Х/ф «Терминатор-2»
15.30 Национальная безопасность
17.20 Х/ф «Три Икса»
20.00 «Информбюро»
21.00 «Обитель зла -2: Апокалипсис» Х/ф
00.50 «31 әзіл»
03.50 «1001 әзіл»
04.00 Bala Batlle
05.00 «Ризамын»

7 КАНАЛ

06.00, 05.10 «Қуырдақ»
07.00, 00.00 «12 күн»т/х
07.40, 00.40 «Айна online»
08.00 Т/с «Семейные узы»
09.00 ,18.00 Т/с «Спасти Веру»
11.00, 20.00 Т/с «Балабол -5»
13.00 Q-ЕЛІ
14.00 Т/х «О, махаббат»
15.00 Т/х «Шырғалаң тағдыр»
16.00 Сериал «Девушки с Макаровым»
17.00 Сериал «Женский доктор»
22.00 Х/ф «STARПЕРЦЫ»
01.40 «Жайдарман»
02.30 «Тамаша 7 км»
03.40 Т/х «Япырай»
04.10 «Жеңіп көр»

Сенбі - Суббота, 26 тамыз

ҚАЗАҚСТАН

06.05 «Жәдігер»
06.35 «Ақпарат»
07.05 «Күй-керуен»
07.40 «Зинһар»
08.25,03.55 «Шаңырақ»
08.45, 21.15 Көңіл толқыны
10.00,18.00 Т/х «Жазықсыз жүрек»
12.00 Концерт «Сағындырған әндер-ай!»
13.15 Т/х «Мыржақып. Оян қазақ!»
17.05 «Достығымыз жарасқан»концерт
20.00 м/ф «БЕМБИ-2»
22.30 Т/х «Қызғалдақ мұңы»
23.25 Т/х «Жат бауыр»

ХАБАР

05.00 «Кім мықты»
07.00 «Қарақатпен шай»
08.00 «Туған ел» концерт
10.00 Мегахит «Гнев»
12.00 М/ф «Ловушка для приведения»
13.15 М/с «Барбоскины»
13.30«Стартап кз»
14.00 «Дүлдүлдер дүбірі»
14.30 «Қызық таймс»
16.00 «Алғашқы»
17.00 Т/х «Мезгілсіз махаббат»
19.00 «Cover show» Мейрамбек Бесбаевпен
21.00 «7 күн»ақпарат арнасы
21.40 Х/ф «Экзамен для двоих»
23.45 «Спорт әлемі»
00.15 «Әке бақыты»

АСТАНА

06.00 Т/х «Ене»
06.20 Т/х «Кішкентай келін»
07.20 М/ф «Маша и медведь»
09.00 «Осман-2» Т/х
10.00 Х/ф «Близнецы - драконы»
12.25 «Алдараспан»
16.00 Т/с «Цветы дождя»
20.00 «Sapar times»апталық сараптамалық
21.00 «Осман» Т/х
21.55 «Лакшми» т/х
00.00 «Операция Алтын Адам» Х\ф
01.30 «Bas times»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Той БАЗАР»
07.55, 03.40 «П@утина»
08.55 «Повар на колесах»
09.50 х/ф «Крестный»
14.30 «Qoslike» бағдарламасы
17.15 «Dastarhan»
18.30 «Айна» тікелей эфир
19.00 Х/ф «Домработница»
21.00 Т/с «Я никогда не плачу»
01.30 «Семьнадцать мгновений весны»
02.45 «Маленькая барабанщица»

КТК

07.05 «Мәссаған»
07.30 «Мен сұлумын» т/х
08.00 «Өнерлі отбасы» ток-шоу
09.00 «КТК web» (қайталау)
09.30 «Вечерние новости»
10.00, 01.10 «Следствием установлено»
10.40 мелодрама «Авария»
15.00 «Аталар сөзі» Т/х
18.20,02.30 «Екі езу»
17.00, 02.30 «Шаншар»
21.00 «Мой лучший враг» мелодрама
01.40 «Өнерлі отбасы»
04.30-05.00 «КТК Қоржынынан»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық»
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 М/ф «Татонка»
11.30 «AgroLife»
12.00 «Тэ Чжоён» телехикаясы
13.05 «Алаш таңы»
13.30 «Шашу»
14.15 «Жетісу жауһарлары»
14.30 «Иман нұры»
15.00 «Әсем әуен»
17.00 «Шашу»
17.50 «Жетісу жауһарлары»
18.00 Д/ф «Ғажайып мәдениет»
18.40 «Саулықтың сыры»
19.00 «Әсем әуен»
20.00 «Алаш таңы»
20.30 «Архивтегі ақиқат»
21.00 «Ел қамы»
21.30 «Бүгінгі дін»
22.00 «Әсем әуен»
23.00 Д/ф «Кең ауқымда»
23.30 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00, 04.30, Әзіл студио
07.00, 05.20 Тамаша лайф
08.00 Күліп ал
08.30,10.00 М/с «Маша и медведь»
09.00 «Теннис-шоу»
09.30 Готовим с Адель
10.20 «Арман қала»т/х
11.40 «Алдараспан»
13.00 Х/ф «КАникулы в Тайланде»
15.00 Х/ф «Рожденный стать Королем»
17.50 М/ф «Холодное сердце»
20.00 Х/ф«Терминатор: Темные судьбы» кино
22.50 Х/ф «Стартрек: Бесконечность»
01.20 Х/ф «Махаббат па, мансап па?»
03.00 «31 әзіл»
03.30 «1001 әзіл»
03.40 «Whats up?»
05.00 « Бала батл»

7 КАНАЛ

06.00, 05.30 «Қуырдақ»
06.40, 23.50 концерт «Ән - әлемі»
08.40,23.30 Д/ф «Жалғыз емессің»
09.00 «Измайловский парк»
11.30 Т/с «Репейник »
15.00 «Жұлдызды шаңырақта»
16.10 Алдараспан
17.00 «Ауыл DONE»
18.00 «Битва поколений»
19.30 Т/с «Под одной крышей»
01.50 «Келесі кім?»
02.50 Т/х «Япырай»
03.30 «Жеңіп көр»

Жексенбі - Воскресенье, 27 тамыз

ҚАЗАҚСТАН

06.05 «Жәдігер»
06.30 «Күміс көмей»
07.20,03.55 «Ауылдастар»
07.50 «Дәуір даналары» д/ф
08.35 «Ақсауыт»
09.00, 21.10 «Көңіл толқыны»
10.00, 18.00 Т/х «Жазықсыз жүрек»
12.00 «Бемби-2» М/ф
13.15 «Міржақып. Оян, Қазақ!»телехикая
17.05 «Әзіл-әлемі»
20.00 «Дара» білім бәйгесі
22.30 Т/х «Қызғалдақ мұңы»
23.25 Т/х «Жат бауыр»

ХАБАР

05.00 «Кім мықты?»
07.00 «Қарақатпен шай»
08.00 «Jup-jubymen»
09.30 «Культурный контекст»
10.00 Х/ф«Экзамен для двоих»
12.00 М/с «Морская бригада»
13.30 «Балақай»
14.15 «Әрекет»
14.45 «Cover show»
16.30 Т/х «Шашу»
17.30 Т/ «Мезгілсіз махаббат»
19.30 Концерт «Күліп қара»
21.00 « 7 күн»информационно-аналит. программа
21.40 «Отдел журналистких расследований»
23.15 Мегахит «Уцелевшая»
00.15 «Спорт-тайм»

АСТАНА

06.00 Т/х «Ене»
06.20 Т/х «Кішкентай келін»
07.20 М/ф «Маша и медведь»
09.00, 21.00 «Осман» т/х
10.00 Х/ф «Зита и Гита»
13.00 «Алдараспан»
17.00 Т/с «Цветы дождя»
21.55 «Лакшми» т/х
00.00 Х/ф«Близнецы-драконы»

ЕВРАЗИЯ

06.00, 03.25 «Той БАЗАР»
07.45, 02.40 «П@утина»
08.10 «Воскресные беседы»
08.20 «Поехали»
09.15 «Қаймақ»
09.50 «Крестный»сериал
14.30 Т/с «Я никогда не плачу»
18.40 «Әгугай»
20.00 «АНАЛИТИКА»
20.45 Т/с «Стань моей тенью»
01.20 Х/ф «Семьнадцать мгновений весны»

КТК

07.05 «Ән мен әнші»
09.40 «Смеяться разрешается»
10.40 мелодрама «Мой лучший враг»
15.00 Т/х «Аталар сөзі»
18.00 «Махаббат әлемі» ән шашу
21.00 Х/ф «Танцы на углях»
00.50 Х/ф «Волшебная тюбетейка Тайлақа»
02.40 «Было дело»
03.20-05.00 «Махаббат әлемі» ән шашу

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
09.00 «Күйеуге шыққым келеді»
10.00 «Әсем әуен»
10.30 «Бүгін»/«Сегодня»
11.00 М/ф «Татонка»
11.30 Д/ф «Мен ежелгі мәдениет куәгерімін»
12.00 «Әсем әуен»
13.05 «Архивтегі ақиқат»
13.30 «Шашу»
14.15 «Жетісу жауһарлары»
14.30 Д/ф «Ғажайып мәдениет»
15.00 «Әсем әуен» (концерты)
17.00 «Ойсарап»
17.30 «Әсем әуен»
18.00 «Жүрек сөзі»
18.40 «Саулықтың сыры»
19.00 «Ұлт ұяты»
19.45 «Әсем әуен»
20.00 «Экорейд»
20.30 Апта /қаз/
21.30 Апта /рус/
22.20 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00, 03.00 Әзіл студио
07.00,02.00 Тамаша live
08.00 «Күліп ALL»50
09.00 «Телебинго»
09.25 Готовим с Адель
10.00 «Теннис-шоу»
10.20 Х/ф«Арман қала»
11.40 х/ф «Маша и медведь»
12.00 кино «Рожденный стать Королем»»
14.50 Х/ф «Холодное сердце»
17.00 Х/ф «Терминатор: Темные судьбы»
19.50 Х/ф «Джек Ричер»
22.50 Х/ф «Три Икса-2: Новый уровень»
01.00 «Алдараспан»
02.00 Тамаша лайф
02.30, 05.30 «Whats up?»
03.30 1001 әзіл
03.40 Ризамын
04.20 «31 әзіл»

7 КАНАЛ

06.00, 05.30 «Қуырдақ»
07.00 «Құтты қонақ»
07.30, 00.30 «15 жыл сахнада» Әлишер Кәрімовтың концерті
08.40, 00.10 Д/ф «Жалғыз емессің»
09.00 «Юмор! Юмор! Юмор!!!»
11.10 Т/с «Под одной крышей»
15.10 Т/с «Қызықты weekend»
16.10 «Алдараспан»
17.00 «Ауыл DONE»
18.00 Х/ф «Starперцы»
20.10 Т/с «Змеи и лестницы»
01.40 Жайдарман
02.40 Т/х «Япырай»
03.10 «Келесі кім?»
03.40 «Жеңіп көр»

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

БЖЗҚ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ ПЕНСИОННЫЙ ФОНД

БЖЗҚ салымшыларының алушыларының) 6 айдағы таза инвестициялық кірісі 571 миллиард теңгеден асты

2023 жылдың 6 айында БЖЗҚ салымшыларының шоттарына 571,2 млрд теңге мөлшерінде таза инвестициялық кіріс түсті. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңіндегі көрсеткіштерден 233 млрд теңгеге немесе 68,9% артық.

ҚР Ұлттық Банкі (ҚРҰБ) қамтамасыз еткен зейнетақы активтері бойынша соңғы 12 айдағы кірістілік 7,9% болды.

Инвестициялық кіріс бағалы қағаздар (салымдар және басқа операциялар) бойынша сыйақы түріндегі, қаржы құралдарын нарықтық және валюталық қайта бағалау түріндегі кірістерден, сыртқы басқарудағы активтер бойынша кірістерден және т. б. тұрады. Зейнетақы активтерін басқаратын ҚР Ұлттық Банкі және инвестициялық портфельді басқарушылар (ИПБ) зейнетақы активтерін еліміздегі және шетелдегі экономиканың санаалуан секторларының түрлі қаржы құралдарына инвестициялық кіріс алу мақсатында орналастырады. Мұндай әртараптандыру зейнетақы жинақтарының сақталуын және орнықты табыстылығын қамтамасыз етеді.

ҚРҰБ басқаруындағы зейнетақы активтері ҚРҰБ Басқармасының 2020 жылғы 24 ақпандағы №10 қаулысымен бекітілген Инвестициялық декларацияға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2021 жылғы 15 ақпандағы №29 қаулысына сәйкес ИПБ-лар үшін зейнетақы активтері есебінен сатып алуға рұқсат етілген қаржы құралдарының тізбесіне сәйкес инвестицияланады.

Әр ИПБ-ның "Зейнетақы активтері сенімгерлік басқаруға берілуі мүмкін инвестициялық портфельді басқарушыларға қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2021 жылғы 15 ақпандағы № 29 қаулысы шеңберінде зейнетақы активтерін инвестициялаудың өзіндік стратегиялары бар және инвестициялық декларация шеңберінде инвестициялық портфельдің құрылымын дербес айқындайды. Барлық зейнетақы жинақтарының есебін (тіпті олардың бір бөлігін жеке басқарушы компанияларға аударғаннан кейін де) БЖЗҚ жүргізеді. ИПБ инвестициялық қызметімен және кірістілік көрсеткіштерімен enpf.kz сайтындағы "Көрсеткіштер" - "Инвестициялық қызмет" бөлімінде танысуға болады. Сонымен қатар, әр салымшы enpf.kz сайты немесе ұялы қосымшадағы Жеке кабинетінде өзінің инвестициялық табысын көре алады.

Естеріңізге сала кетейік, зейнетақы активтерінің қысқа уақыт ішіндегі кірістілігі оларды басқару тиімділігінің объективті көрінісін көрсетпейді. БЖЗҚ зейнетақы активтері ұзақ инвестициялық көжиекке ие және инвестициялаудың негізгі мақсаты – ұзақ мерзімді кезеңде нақты табыс алу.

Айта кетейік, жинақтаушы зейнетақы жүйесі құрылған сәттен (1998 жылы) бастап 2023 жылғы 1 шілдеге инвестициялық кірістілік бүкіл кезеңдегі инфляция 719,3% болғанда, өскелең жиынтықпен 763,88% көрсетті. Тиісінше, ұзақ мерзім ішінде жинақталған инвестициялық кіріс инфляциядан асып түсті.

«БЖЗҚ» АҚ телефон алаяқтығының жаңа түрі туралы ескертеді

Соңғы кезде алаяқтар телефон арқылы алдаудың жаңа схемаларын ойлап тапты. Себебі, телефон қоңыраулары – күтпеген жаңалықты естіп, абдырап қалған адамнан құпия ақпаратты алудың немесе оны алаяқтың шотына ақша аударуға мәжбүрлеудің ең көп таралған тәсілдерінің бірі.

Телефон арқылы жасалатын алаяқтықтың жаңа түрі – өзін БЖЗҚ қызметкері ретінде таныстырып, қандай да бір компанияның бас бухгалтеріне қоңырау шалып, сол ұйымның қызметкерінің зейнетақы шотының бұғатталғаны туралы хабарлайды. Себебі оның компания БСН-ы бар транзиттік шоттарына тыйым салынған. Бұғаттан шығару мақсатында бухгалтерлерге алаяқтардың шотына берешек соманың жартысын салуға кеңес береді, әйтпесе компанияға зейнетақы жарналарын уақытылы есептемегені үшін айыппұл салынады деп қорқытады.

Осылайша, телефон арқылы сөйлесу барысында алаяқтар өз құрбандарын олардың шоттарына үлкен аударымдар жасауға итермелейді. Зиянкестер әлемнің кез-келген елінде болуы мүмкін және көбінесе телефон нөмірлерін интернет желісінен табады, жәбірленушінің аты мен әлеуметтік жағдайын әртүрлі мессенджерлер мен қызметтер арқылы әлеуметтік желілерден біледі.

Мұндай алаяқтық нысанасы болып қалған жағдайда, төмендегілерді білгеніңіз маңызды:

- БЖЗҚ функцияларына салымшылар мен алушыларға жинақтаушы зейнетақы жүйесі мәселелері бойынша ақыл-кеңес беру, міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тарту, зейнетақы жинақтарының дербестендірілген есебі және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру кіреді;
- зейнетақы жарналарын төлеудің толықтығы мен уақытылы жүргізілуін БЖЗҚ емес, салық органдары бақылайды;
- зейнетақы жарналарын ұзақ уақыт бойы төлемеген жағдайда, БЖЗҚ қызметкерлері салымшыларға төлем жасамау себебін анықтап, қажетті ақыл-кеңес кеңес беру мақсатында ғана қоңырау шала алады;
- БЖЗҚ қызметкерлерінің қаражатты белгілі бір шотқа аударуды талап етуге құқығы жоқ.

Кез-келген ақыл-кеңесті БЖЗҚ бөлімшелерінен де, қашықтықтан да алуға болады:

көп арналы тегін байланыс арқылы, байланыс орталығының 1418 нөміріне қоңырау шалу, сондай-ақ +7 777 000 1418 нөмірі бойынша WhatsApp арқылы

БЖЗҚ-ның Одноклассники, Telegram, Facebook, Вконтакте, Twitter және Instagram сияқты танымал платформалардағы әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларында.

Қазақстан Республикасынан тыс жерлердегі салымшылар (алушылар) үшін +7 (727) 356-10-60 нөмірі бойынша немесе Қордың корпоративтік сайтында орналастырылған "онлайн қоңырау шалу" сервисі арқылы кеңес алу мүмкіндігі берілген.

БЖЗҚ салымшылардың (алушылардың) дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісімі неліктен қажет екендігіне түсініктеме береді

БЖЗҚ – Қазақстан Республикасының жинақтаушы зейнетақы жүйесінің барлық қаржы және ақпараттық ағындарының бірыңғай әкімшісі және операторы. Ол заңнама талаптарына сәйкес салымшыларға (алушыларға) зейнетақы қызметтерін көрсетуге міндетті.

БЖЗҚ өзінің заңнамалық міндеттерін іске асыру кезінде салымшылардың (алушылардың), олардың сенім білдірілген адамдарының, заңды өкілдерінің дербес деректерін қамтитын ақпараттық жүйенің операторы/меншік иесі болып есептеледі. БЖЗҚ-дан қызметті алмас бұрын салымшы (алушы)/сенім білдірілген адам/заңды өкіл өзінің дербес деректерін жинауға және өңдеуге келісімін береді.

Заңнамада көзделген қызметтерді көрсету кезінде БЖЗҚ тек мемлекеттік органдар және (немесе) мемлекеттік заңды тұлғалар жататын үшінші тұлғалардың ақпараттық жүйелерімен (дерекқорларымен) қажетті ақпарат алмасуды жүргізеді. Мысалы, егер салымшы жеке куәлігін жаңартқан болса, онда бұл деректер уәкілетті мемлекеттік органдармен деректер алмасудың арқасында БЖЗҚ ақпараттық базасында автоматты түрде өзектендіріледі. Салымшының деректері жеке тұлғаларға берілмейтінін ескертеміз.

Заңнамада көзделген қызметтерді көрсету кезінде БЖЗҚ мемлекеттік органдар және (немесе) мемлекеттік заңды тұлғалар жататын үшінші тұлғалардың ақпараттық жүйелерімен (дерекқорларымен) ақпарат алмасады. БЖЗҚ ақпараттық жүйесіндегі өтініш білдірген адамның жеке басын куәландыратын құжаттың деректемелері осындай алмасудың арқасында үнемі өзекті болып тұрады. Сіздің деректеріңіз жеке немесе басқа заңды тұлғаларға берілмейтінін ерекше атап өткіміз келеді.

Мемлекеттік құрылымдармен өзара іс-қимылдың және ақпарат алмасудың арқасында БЖЗҚ зейнетақы қызметтерін көрсету кезінде өтініш білдірген адамнан оның құжаттары және (немесе) ақпараты мемлекеттік органдардың және (немесе) мемлекеттік заңды тұлғалардың ақпараттық жүйелерінде болған жағдайда көшірмелерін талап етпейді. Бұл БЖЗҚ Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келетін жедел және тиімді қызмет көрсетіп, алаяқтық фактілерін жойып отыратынын білдіреді.

"Дербес деректер және оларды қорғау туралы" 2013 жылғы 21 мамырдағы N 94-V Заңға (бұдан әрі - Заң) сәйкес дербес деректерді жинауды меншік иесі және (немесе) оператор, сондай-ақ үшінші тұлға уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен субъектінің немесе оның заңды өкілінің келісімімен ғана жүзеге асырады. Заңның 7-бабының 5-тармағында және 9-бабында (7-бабының 1-тармағы) көзделген жағдайлар, мысалы, егер ақпаратты жариялау Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген болса, дербес деректерді жинау және өңдеу әкімшілік құқық бұзушылық, атқарушылық іс жүргізу туралы істерді қозғайтын және қарайтын құқық қорғау органдарының, соттардың және өзге де уәкілетті мемлекеттік органдардың қызметін жүзеге асыру үшін қажет, мемлекеттік органдардың дербес деректерді статистикалық мақсаттар үшін оларды иесіздендірудің міндетті шартымен пайдалануы, Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарды және Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өзге де жағдайлар бұған жатпайды.

Сондай-ақ, заңда кәсіптік, қызметтік қажеттілікке, сондай-ақ еңбек қатынастарына байланысты қолжетімділігі шектеулі дербес деректер өздеріне белгілі болған адамдар олардың құпиялылығын қамтамасыз етуге міндетті екендігі көзделген (11-бап 2-тармақ).

Анықтама үшін: БЖЗҚ Басқарма төрағасының 04.04.2023 ж. № 302 бұйрығымен бекітілген "БЖЗҚ" АҚ жүзеге асыратын міндеттерді орындау үшін қажетті және жеткілікті дербес деректер тізбесінде БЖЗҚ мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінен дербес деректерді жинауды және өңдеуді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген БЖЗҚ тапсырмалары, өкілеттіктері, міндеттері егжей-тегжейлі көрсетілген (https://www.enpf.kz/kz/services/information/protection.php).

Осылайша, мемлекеттік органдардың және (немесе) мемлекеттік заңды тұлғалардың ақпараттық жүйелерінде қамтылған салымшылардың (алушылардың)/заңды өкілдердің/сенім білдірілген тұлғалардың дербес деректерін жинау және өңдеу БЖЗҚ-ның зейнетақы қызметтерін сапалы көрсетуі мақсатында жүзеге асырылады.

ЭКОЛОГИЯ

ОРМАНҒА ҚОРҒАН БОЛАЙЫҚ...

Орман шаруашылығы экономиканың бір саласы десек артық болмас. Мемлекеттің басты байлығы саналатын табиғатты қорғау, табиғи ресурстарды сақтау адамзаттың қастерлі парызы саналады. Өйткені, келешек ұрпақтың ырыс-құтты, бақ-берекелі болуы бізден қалған байлыққа тікелей байланысты.

Ормандарды зерттеу, есепке алу, ағаштармен бұталардың тұқымынан және көшеттерден орман өсіру, орманды жаңартып отыру, орманды күту, сүрек дайындау, оны кесіп реттеу, питомниктерде көшет өсіру, суландыру, орманды өрттен, зиянкестер мен түрлі аурулардан қорғау, ағашқа және орман өнімдеріне деген халық шаруашылығына қажеттерін қанағаттандыру мақсатында орманды пайдалану ісін реттеу шараларымен айналысады. Негізгі мақсат қоршаған ортаның сапасын жақсарту, орман өсіру арқылы табиғатты сақтай білу.

Қазіргі таңда қоршаған ортаны қорғау мен табиғат байлығын тиімді пайдалану күрделі мәселе екені айқын. Біздің бар дәулетіміз – туған өлкенің табиғаты. Ал, сол байлықты қорғап, қорын молайту бағытында қыруар қызмет етіп келетін орман шаруашылығы қызметкерлерінің еңбегі орасан.

Дархан ЖАҚСЫЛЫҚОВ,
«Қапал орман шаруашылығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 11-айналым орман кутушісі.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЖАҢА КІТАП

МӘШҺҮР ЖҮСІПТІҢ

таңдамалы шығармалар жинағы жарық көрді

МӘШҺҮР ЖҮСІПТІҢ МЕРЕЙТОЙЫ АЯСЫНДА ҒҰЛАМАНЫҢ ТАҢДАМАЛЫ ШЫҒАРМАЛАР ЖИНАҒЫНЫҢ 10 ТОМДЫҒЫ ЖАРЫҚ КӨРДІ.

Баянауыл ауданында өткен салтанатты рәсімде «Мәшһүр жол» аудио кітабы да таныстырылды.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Түркістанда өткен Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Әділетті Қазақстанды Адал азаматтар құрады. Бұл – бір-бірімен өте тығыз байланысты ұғымдар. Отанға, отбасына адалдық – парасаттылық пен адамгершіліктің белгісі», – деп атап көрсетіп, «адал азамат» концепциясын алға тартқаны белгілі. Сонау ілкі ғасырлардан бастау алған «кемал адам» ілімі мен «толық адам» ұстынынан тамыр тартып, ұлттың болмысын қалыптастыратын осы ұлттық қасиеттердің асыл арқауын жалғаған бірегей абыздарымыздың бірі Мәшекең деп санаймыз», – деді жиында Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дархан Қыдырәлі.

Материал almaty-akshamy.kz сайтынан алынды.

ӨМІР-ӨЛЕҢ

Тірлік сапары шектелгеніне 40 жылға жуық уақыт өтсе де соңында қалған «Ақ қайың», «Салтанат», «Қыран», «Алыс көкжиек», «Сокол», «Маржан», «Жүрегімнің шұғыласы» жыр жинақтарымен, туғанына 70 жыл толғанда «Ана тілі» баспасынан жарық көрген «Прометейдің аспанға қарап айтқаны» жыр кітабымен оқырмандардың жадында жаңғырып отыратын көрнекті ақын Әділбек Абайділдановтың әдеби мұрасы «Шығармалары» деп аталатын «Фолиант» баспасының өнімімен толықты.



МЫҢ ЖҮРЕККЕ ҚАНТАМЫР БОП ЖАЛҒАНҒАН

Бұдан 10 жыл бұрын жарық көрген шығармалар жинағын ақынның туған еліндегі Қарабөгет ауылдық кітапханасына Ә.Абайділдановтың тұңғыш перзенті Ботагөз Әділбекқызы табыс етті. Сарқан ауданының Қарабөгет ауылдық мәдениет үйінде өткен «Жүректегі жаңғырық» атты Әділбек Абайділдановты еске алу кешінің бұрынғыдан өзгерек болуының себебі бар. Бұған дейінгі танымдық шараларға қатыса алмаған ұрпақтарының өтінішімен өткен әдеби- сазды кеш қатысушылардың көкейіне жарқын із қалдырды. Ақынның Ботагөз, Құралай атты қыздарының, күйеу баласы Мұхамедханның сағынышты лебізі аңсарлы басқосудың шырайын арттыра түсті.

Қазақстан Жазушылар одағы Жетісу облыстық филиалының бастамасымен, Қарабөгет ауылдық Мәдениет үйінің ұйымдастыруымен өткен бұл әдеби шараға Жетісу облыстық халық шығармашылығы орталығы да атсалысты. Әдеби-сазды кешті Сарқан ауданы әкімінің орынбасары Алмас Ажарханұлы кіріспе сөзбен ашып, ақын-жазушылар, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаттары Нұрила Бектемірова, Жомарт Игіман, Жазушылар одағының Жетісу облыстық филиалының директоры, ақын Жангелді Немеребай, Жетісу облыстық М.Тынышбаев музейінің бөлім басшысы Қалқаман Абдырахманұлы, әнші-сазгер Нұржан Ахметбеков, тарихшы, әділбектанушы Мырзахан Қабасұлы естеліктерімен бөлісіп, ақын есімін мәңгілікке қалдыру жөніндегі ұсыныс-пікірлерін ортаға салды.

Сол күні ауылдық мәдениет үйінің сахнасында Әділбек ақын өлеңдері қайта жаңғырып, ауыл өнерпаздарының концерті көремендер көңілінен шықты.

Жомарт ИГІМАН,
Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты.

БИКЕН РИМОВА – 100 ЖЫЛ



САХНА САҢЛАҒЫ

Қазақстанның халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қырғыз Республикасы өнерінің еңбек сіңірген қайраткері, актриса – Бикен Ырымқызы Римованың туғанына биыл 100 жыл толып отыр.

Киелі сахнаның қыр-сырына қанығып, сан мыңдаған көрерменнің көңілінен шығарлықтай образды нанымды етіп бейнелей білу – актрисаның ерен еңбегінің, тынымсыз ізденісінің жемісі екені сөзсіз. М.Әуезов атындағы Қазақ академиялық драма театрында жұмыс істеген талантты актриса театр сахнасында қазақ және шетелдік драматургтерінің пьесалары бойынша 170-тен астам рөлді сомдады. Тұңғыш ойнаған рөлі – Ғ.Мүсіреповтің «Ақан Сері - Ақтоқты» трагедиясындағы Мәрзияның рөлін сәтті алып шықты. Ол көптеген рөлді орындауымен қатар, қазақ сахнасында замандастар образын жасауға елеулі үлес қосқан тұлға. Театрдағы жұмысымен бірге Б. Римова 1955 жылдан бастап киноға да түсе бастады. Ол ойнайтын рөлінің өзіне тән ой-мінезін, тағдыр талқысын терең ашып, даралық сипат беруді орындаушылық өнерінің басты мақсаты тұтатын өткір мінезді актриса болды. Атап айтқанда, «Тақиялы періште», «Менің атым – Қожа» телефильмдерде, «Тоғысқан тағдырлар» сериалында және тағы басқа да алғашқы отандық телехикаяларда ойнады.

Бикен Ырымқызы – «Абай-Әйгерім», «Қос мұңлық» сынды пьесаларды дүниеге әкелген драматург. Сонымен қатар ол әдебиет әлемінде де өзіндік қолтаңбасын қалдырды. «Еңлікгүлім», «Өнердегі өнегелі өмірлер» атты қос кітаптың авторы. Қазақ мәдениеті мен өнерінде ерекше орын алатын дара тұлға Бикен Римованың өмірімен шығармашылығы туралы біздің кітапхана қорында көптеген құжаттар жинақталған. Мәселелн, Ф.Шәріповаңың «Фарида Шарипова» (Алматы, 2006) жинақта Шәріповаңың өз замандастары мен әріптестері туралы ой толғайтын материалдар топтастырылған. Өнер иесі Бикен Римова туралы «Бикен апа - Бикеша» атты мақаласында қазақтың М.Әуезов атындағы академиялық драма театрына өнерлі актрисаларымыздың сахнада қатар өнер көрсетулері туралы кеңінен жазылған.

Сахнада алпыс жылға жуық уақыт көрерменмен сырласқан, сыр ұқтырған заманымыздың бірегей өнерпазы Бикен Римованың есімі, оның ойнаған кейіпкерлері, адами әлемі, жазып қалдырған мұралары халық есінде ұмытылмастай болып сақталып қалды. Халқымыздың мақтанышына айналған Бикен апамызда қазақ театрының іргетасын қалаған туа бітті талант бар. Қазақтың бүкіл болмысын бойына сіңіріп, сол арқылы өнерге келді. 2000 жылы талантты актрисаның есімі Талдықорғанның қазақ драма театрына берілді.

Гүлшат СЕМБЕКОВА
ҚАРАТАЛ АУДАНЫ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЕНПФ

ЗА 6 МЕСЯЦЕВ ЧИСТЫЙ ИНВЕСТИЦИОННЫЙ ДОХОД ВКЛАДЧИКОВ (ПОЛУЧАТЕЛЕЙ) ЕНПФ ПРЕВЫСИЛ 571 МИЛЛИАРД ТЕНГЕ

За 6 месяцев 2023 года на счета вкладчиков ЕНПФ поступил чистый инвестиционный доход в размере 571,2 млрд тенге, что превышает показатели аналогичного периода прошлого года на 233 млрд тенге или на 68,9%.

Доходность за последние 12 месяцев по пенсионным активам, обеспеченная Национальным Банком РК (НБРК), составила 7,9%.

Инвестиционный доход складывается из доходов в виде вознаграждения по ценным бумагам (вкладам и другим операциям), рыночной и валютной переоценки финансовых инструментов, доходов по активам, находящимся во внешнем управлении и т.д. Поступающие на индивидуальные пенсионные счета пенсионные взносы инвестируются доверительным управляющим пенсионными активами - НБРК и управляющими инвестиционным портфелем (УИП) в надежные финансовые инструменты разных секторов экономики в различных валютах в РК и за рубежом. За счет такой диверсификации обеспечивается сохранность активов и устойчивая инвестиционная доходность.

Пенсионные активы под управлением НБРК инвестируются в соответствии с Инвестиционной декларацией, утвержденной постановлением Правления НБРК от 24 февраля 2020 года №10, а также перечнем финансовых инструментов, разрешенных для УИП к приобретению за счет пенсионных активов, в соответствии с постановлением Правления Агентства Республики Казахстан по регулированию и развитию финансового рынка от 15 февраля 2021 года №29.

УИП имеют собственные стратегии инвестирования пенсионных активов в рамках постановления Правления Агентства Республики Казахстан по регулированию и развитию финансового рынка от 15 февраля 2021 года № 29 «Об утверждении требований к управляющим инвестиционным портфелем, которым могут быть переданы в доверительное управление пенсионные активы», и самостоятельно определяют структуру инвестиционного портфеля в рамках инвестиционной декларации. Учет всех пенсионных накоплений (даже после перевода их части частным управляющим компаниям) ведет ЕНПФ. С инвестиционной деятельностью УИП и показателями доходности можно ознакомится на сайте enpf.kz в разделе «Показатели» - «Инвестиционная деятельность. Кроме того, каждый вкладчик имеет возможность видеть свой инвестиционный доход в личном кабинете на сайте enpf.kz или в мобильном приложении.

Напомним, что доходность пенсионных активов за короткие периоды времени не показывает объективную картину эффективности их управления. Пенсионные активы ЕНПФ обладают длинным инвестиционным горизонтом и основная цель инвестирования – это получение реальной доходности в долгосрочном периоде.

Отметим, что инвестиционная доходность со момента основания накопительной пенсионной системы (в 1998 году) на 1 июля 2023 года с нарастающим итогом составила 763,88% при инфляции за весь период 719,3%. Следовательно, накопленный инвестиционный доход в долгосрочном периоде превышает инфляцию.

АО «ЕНПФ» ПРЕДУПРЕЖДАЕТ О НОВОМ ВИДЕ ТЕЛЕФОННОГО МОШЕННИЧЕСТВА

В последнее время мошенниками изобретаются новые схемы телефонного обмана, т.к. телефонные звонки – один из самых распространенных способов получить у растерявшегося от неожиданности человека конфиденциальную информацию или принудить его перевести денежные средства на счёт мошенника.

Одним из новых видов мошенничества по телефону стали звонки главным бухгалтерам компаний от злоумышленников, которые представляются сотрудниками ЕНПФ и сообщают об аресте пенсионного счета сотрудника компании, т.к. у него имеется арест на транзитные счета с БИНом компании. В целях снятия ареста бухгалтерам предлагается внести половину суммы задолженности на счет мошенников, в противном случае компании якобы грозит штраф за несвоевременное зачисление пенсионных взносов.

Таким образом, в ходе телефонного общения мошенники провоцируют свою жертву совершить крупные переводы на свои счета. Злоумышленники могут находиться в любой стране мира и зачастую находят номера телефонов в сети INTERNET, узнают имя и социальное положение в социальных сетях, посредством различных мессенджеров и сервисов.

Оказавшись мишенью таких махинаций, важно знать:

• в функции ЕНПФ входят консультации вкладчиков и получателей по вопросам накопительной пенсионной системы, привлечение обязательных пенсионных взносов, обязательных профессиональных пенсионных взносов, добровольных пенсионных взносов, персонифицированный учет пенсионных накоплений и осуществление пенсионных выплат;

• полноту и своевременность уплаты пенсионных взносов контролируют налоговые органы, а не ЕНПФ;

• в случае неуплаты пенсионных взносов в течение длительного времени сотрудники ЕНПФ могут обзванивать вкладчиков исключительно в целях выяснения причины неуплаты и консультирования;

• сотрудники ЕНПФ не имеют права требовать перевести средства на определённые счета.

Любые консультации можно получить в отделениях ЕНПФ или дистанционно: через многоканальную бесплатную связь, позвонив на номер call-центра 1418, а также через официальные страницы в социальных сетях на таких популярных платформах, как «Одноклассники», Telegram, «Facebook», «В контакте», «Twitter» и «Instagram», при помощи WhatsApp по номеру +7 777 000 1418.

Для вкладчиков (получателей), находящихся за пределами Республики Казахстан, есть возможность получения консультации по номеру +7 (727) 356-10-60 или посредством сервиса «Позвонить онлайн», размещенного на корпоративном сайте Фонда.

ЕНПФ РАЗЪЯСНЯЕТ: ПОЧЕМУ НЕОБХОДИМО СОГЛАСИЕ ВКЛАДЧИКОВ (ПОЛУЧАТЕЛЕЙ) НА СБОР И ОБРАБОТКУ ПЕРСОНАЛЬНЫХ ДАННЫХ

Сегодня ЕНПФ является единым администратором и оператором всех финансовых и информационных потоков накопительной пенсионной системы Республики Казахстан и обязан предоставлять пенсионные услуги вкладчикам (получателям) в соответствии с требованиями законодательства.

ЕНПФ при реализации своих законодательных функций выступает оператором/ собственником информационной системы, содержащей персональные данные вкладчиков (получателей), их поверенных лиц, законных представителей. Прежде чем получить услугу от ЕНПФ, вкладчик (получатель) / поверенное лицо / законный представитель подтверждает согласие на сбор и обработку персональных данных.

При оказании услуг, предусмотренных законодательством, ЕНПФ производит обмен информацией с информационными системами (базами данных) третьих лиц, к которым относятся государственные органы и (или) государственные юридические лица. Реквизиты документа, удостоверяющего личность обратившегося лица, в информационной системе ЕНПФ, благодаря такому обмену, актуальны. Подчеркнем, что Ваши данные НЕ передаются частным либо прочим юридическим лицам.

Благодаря взаимодействию с государственными структурами и обмену информацией ЕНПФ при оказании пенсионных услуг не истребует от обратившегося лица копии документов и (или) информации в случае их наличия в информационных системах государственных органов и (или) государственных юридических лиц, то есть ЕНПФ обеспечивает оперативное и эффективное обслуживание, соответствующее требованиям законодательства Республики Казахстан, исключает факты мошенничества.

В соответствии с Законом «О персональных данных и их защите» от 21 мая 2013 года N 94-V сбор (далее - Закон), обработка персональных данных осуществляется собственником и (или) оператором, а также третьим лицом только с согласия субъекта или его законного представителя в порядке, определяемом уполномоченным органом. Исключение составляют случаи, предусмотренные пунктом 5 статьи 7 и статьей 9 (пункт 1 статьи 7) Закона, например, если публикация информации предусмотрена законами Республики Казахстан, сбор и обработка персональных данных необходима для осуществления деятельности правоохранительных органов, судов и иных уполномоченных государственных органов, которые возбуждают и рассматривают дела об административных правонарушениях, исполнительного производства, использования государственными органами персональных данных для статистических целей с обязательным условием их обезличивания, реализации международных договоров, ратифицированных Республикой Казахстан, и иные случаи, установленные законами Республики Казахстан.

Также законом предусмотрено, что лица, которым стали известны персональные данные ограниченного доступа в связи с профессиональной, служебной необходимостью, а также трудовыми отношениями, обязаны обеспечивать их конфиденциальность (пункт 2 статьи 11).

Справочно: в Перечне персональных данных, необходимых и достаточных для выполнения осуществляемых задач АО «ЕНПФ», утвержденном приказом Председателя Правления ЕНПФ от 04.04.2023г. № 302, детально указаны задачи, полномочия, обязанности ЕНПФ, предусмотренные законодательством Республики Казахстан, в соответствии с которыми ЕНПФ осуществляет сбор и обработку персональных данных из информационных систем государственных органов (https://www.enpf.kz/ru/services/information/protection.php).

Таким образом, в целях качественного оказания ЕНПФ пенсионных услуг осуществляется сбор и обработка персональных данных вкладчиков (получателей) / законных представителей / поверенных лиц, содержащихся в информационных системах государственных органов и (или) государственных юридических лиц.

НАЛОГООБЛОЖЕНИЕ

ОТМЕНА ЕСП В КАЗАХСТАНЕ: ЧТО ДЕЛАТЬ САМОЗАНЯТЫМ

В Комитете государственных доходов сообщили, что в Казахстане отменят Единый совокупный платеж с 2024 года, сообщает Zakon.kz.

Единый совокупный платеж (ЕСП) изначально вводился временно на 5 лет (с 2019 по 2023 год) для самозанятых граждан, которые не регистрировались в качестве индивидуальных предпринимателей. Сумма их дохода не превышала четыре миллиона тенге в год.

«Как известно, сейчас идет поэтапное внедрение декларирования доходов физических лиц. В 2024 году входные декларации обязаны сдать все граждане, которые занимаются предпринимательской деятельностью (индивидуальные предприниматели, директора, учредители ТОО)», — сообщили в Комитете государственных доходов.

Как отметили в ведомстве, граждане, которые ранее не регистрировали предпринимательскую деятельность, должны сделать выбор — быть предпринимателями или стать наемными работниками. Так как в последующем доходы этих граждан должны отражаться в налоговых декларациях или сведениях работодателей.

Ранее стало известно, кто не сможет платить ЕСП с 2023 года.

ГЕНДЕР

ЦЕЛЕНАПРАВЛЕННОЕ РАЗВИТИЕ ЖЕНСКОГО ПОТЕНЦИАЛА

Понятие «гендер» означает «род» (англ. gender, от лат. genus) т. е. это равные возможности и равные права женщин и мужчин. Гендерная политика в Казахстане базируется на принципах преемственности и сбалансированности, является важной составляющей внутренней политики страны и направлена на упрочнение национального согласия и единства. В этой связи целенаправленное проведение системной и востребованной гендерной политики в Республике Казахстан, всесторонне учитывающей национальный и международный опыт в сфере достижения гендерного равенства, религиозные и культурные особенности стран мирового сообщества дают свои положительные результаты. Так, Республика Казахстан за годы независимости достиг определенного прогресса в реализации гендерной политики в области защиты прав и законных интересов мужчин и женщин. Прежде всего это нашло свое выражение в целенаправленном развитии женского потенциала, создании условий для равного проявления как мужчин, так и женщин в трудовой деятельности, бизнесе, политике и государственном управлении, формировании равного доступа женщин к качественному образованию и здравоохранению, а также всесторонней защите материнства. На сегодня в Казахстане сформировалась целостная институциональная система гендерной и семейно-демографической политики, создана серьезная правовая база.

Надо особенно выделить, что последовательное институциональное развитие национального механизма по улучшению положения женщин идет с 1995 года, когда был создан консультативно-совещательный орган - Совет по проблемам семьи, женщин и демографической политике при Президенте РК. В 1998 создана Национальная комиссия по делам семьи и женщин при Президенте РК. И в настоящее время в нашей республике этому важному вопросу уделяется большое внимание. Глава государства сам постоянно уделяет особое внимание этому важному вопросу. Например, в своем Послании народу Казахстана «ЕДИНСТВО НАРОДА И СИСТЕМНЫЕ РЕФОРМЫ – ПРОЧНАЯ ОСНОВА ПРОЦВЕТАНИЯ СТРАНЫ» 1 сентября 2021 года Президент Касым-Жомарт Токаев говорил о приоритетных целях социально-экономического развития страны на предстоящий период. В своем выступлении Президент уделил огромное внимание экономическому развитию страны после пандемии, также затронул массу важных вопросов для государства и его жителей. В том числе по вопросу защите прав человека, в том числе гендерному равенству. В частности, Глава государства подчеркнул: «В начале лета в соответствии с моим Указом Правительством утвержден Комплексный план по защите прав человека. Этот важный документ закладывает долгосрочную институциональную основу дальнейшего совершенствования системы защиты прав человека в Казахстане. После принятия Комплексного плана началась активная работа по обеспечению гендерного равенства. В этой связи следует обеспечить максимальную поддержку экономических и политических позиций женщин в обществе. За эту работу отвечает Администрация Президента. Следует также внести изменения в Концепцию семейной и гендерной политики».

Бакыткуль МАДЫБЕКОВА,
руководитель администрации
Текелийского городского суда.


Полосу подготовил Ш. ХАМИТОВ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

КҮРЕС

ЕЛ ҚҰРАМАСЫ - ҮШІНШІ ОРЫНДА

Германияның Дортмунд қаласында грек-рим күресінен Гран-при турнирі аяқталды. Бұл жарысты ел құрамасы алты жүлдемен қорытындылады.



60 кило салмақ дәрежесінде белдескен Айдос Сұлтанғали алтын алса, 55 кило салмақтағы Марлан Мұқашев күміспен күптелді. Ал Мейіржан Шермаханбет (67 кило), Ибрагим Магомадов (72 кило), Демеу Жадыраев (77 кило) және Әлімхан Сыздықов (130 кило) үздік үштікті түйіндеді. Айдос – 2018 және 2022 жылдары өткен әлем чемпионаттарында қола медальды мойнында жарқыратып, 2021 жылы құрлықтың теңдессізі деп танылды. Демеу мен Мейіржан – әлем чемпионаттарының қола жүлдегерлері. Әлімхан былтыр Ұланбатырда Азия чемпионы атанса, Ибрагим биыл Алматыда дәл сондай атаққа қол жеткізді. Марлан – бірқатар халықаралық жарыстардың жеңімпазы.

Атланта Олимпиадасының жеңімпазы, әлемнің екі дүркін чемпионы Юрий Мельниченко жаттықтыратын Қазақстанның ұлттық құрамасы Гран-при турнирінің жалпы есебінде үшінші орынды иеленді.

ШАРА

«EL SPORT» ҰЙЫТҚЫ БОЛҒАН ЕРЕКШЕ МАРАФОН

АБАЙ КҮНІ МЕРЕКЕСІ ҰЛЫ АҚЫННЫҢ ТУҒАН ЖЕРІНДЕ ҮШ КҮНГЕ ҰЛАСҚАН ТҮРЛІ МӘДЕНИ ІС-ШАРАЛАРМЕН ЕЛ ЕСІНДЕ ҚАЛДЫ. СОНЫҢ ІШІНДЕ ШОҚТЫҒЫ БИІГІ АБАЙ ОБЛЫСТЫҚ ӘКІМДІГІНІҢ, ДЕНЕШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ БАСҚАРМАСЫ МЕН ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН ЖӘНЕ ШӘКӘРІМ УНИВЕРСИТЕТТЕРІНІҢ, ТҮРЛІ ДЕҢГЕЙДЕГІ ДЕМЕУШІ КОМПАНИЯЛАР МЕН КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ ҚОЛДАУЫМЕН, «EL SPORT» ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІГІНІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН ЕЛІМІЗДЕ ТҰҢҒЫШ РЕТ ӨТКІЗІЛГЕН УЛЬТРАМАРАФОН БОЛДЫ.



Ғалым әрі танымал марафоншы Рамазан Салықжановтың жетекшілігімен жүзеге асқан ультрамарафонға еліміздің және шет мемлекеттерден барлығы 16 спортшы қатысып, «Семей-Жидебай-100 миль» (160 км) және «Семей-Бөрілі-50 миль» (80 км) қашықтықта бақ сынады.

«ABAI» халықаралық әуежайының алдынан 9 тамыз күні бастау алған марафон 10 тамыз – Абай күнінде Жидебайдағы ақын кесенесі жанында аяқталды. Қалай десек те 160 шақырымға жүгіруге екінің бірі тәуекел ете бермейтіні белгілі. Дегенмен жігерін жанып, намысын ту еткен азамат Нұркелді Аман есімді қандасымыз бұл қашықтықты 15 сағат 32 минут 58 секундта артқа тастап, ультрамарафон чемпионы атанды. Ол сондай-ақ жарыс демеушілері тіккен 500 мың теңге қаржылай сыйақыны қанжығасына байлады.

Ал 80 шақырымға межеленген «Семей-Бөрілі» бағытын бетке алған марафоншылар арасынан астаналық әлеуметтанушы ғалым, профессор Асқар Жаңабергеновтің бағы жанды. Ол бұл қашықтықты 6 сағат 23 минут 24 секундта жүгіріп өтіп, ультрамарафон чемпионы атанып және 300 мың теңгеге ие болды.

Әлихан Бөкейхан университетінің басшылығы да спорттық іс-шараға қолдау көрсетіп, алдыңғы орындардан көрінген марафоншыларға 100 мың теңге көлемінде жүлде ұсынды. Оны университет проректоры Азамат Азатұлы табыстады. Марафон аяқталған соң Рамазан Салықжановты әңгімеге тарттық.

«Жалпы, бұл марафонды ұйымдастыру идеясы «El sport» қоғамдық бірлестігінің тарапынан туындап, оның жүзеге асуына Абай облысының әкімі Нұрлан Ұранхаев, облыстық спорт және денешынықтыру басқармасының басшысы Ержан Әбілқасымов, облыстық бұқаралық спорттық шаралар өткізу орталығының директоры Нұрлан Рахымбаев, өзге де ел азаматтары жан-жақты қолдау көрсеткенін атап өткім келеді. Марафонда жүйріктер лайықты марапаттарға ие болды. Жалпы, осындай марафонды түрлі сериямен жалғастыруды қолға алып жатырмыз. «El sport» қоғамдық бірлестігінің құрамындағы азаматтарды айта кеткенім жөн болар. Бірлестікте «Спорт және қоғам» орталығының басшысы Мұхтар Есқалиев, ғылыми сарапшылар комиссиясында белгілі ғалымдар және бірнеше спорттық клубтардың басшылары бар. Бұл республикалық қоғамдық бірлестік биыл мамыр айында құрылды. Әрі қарай спорттық бағыттағы жұмыстарымызды жалғастыра беретін боламыз», дейді «El sport» қоғамдық бірлестігінің басшысы Рамазан Саттарұлы.

ЖАРЫС

НЫСАНА КӨЗДЕУДЕН ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ БАСТАЛДЫ

Әзербайжан астанасы Бакуде нысана көздеуден 53-ші әлем чемпионатының ресми ашылуы өтті. Бұл туралы ҚР МСМ Спорт және дене шынықтыру істері комитеті Спортты дамыту дирекциясының баспасөз қызметі мәлімдеді, деп хабарлайды Egemen.kz.

«Baku Crystal Hall» әмбебап кешенінде өткен іс-шара кезінде әр ел өкілдері мен спортшыларының алдында Халықаралық нысана көздеу федерациясының (ISSF) президенті Лучано Росси, Әзербайжанның жастар және спорт министрі Фарид Гаибов сөз сөйледі.

«Қазір Әзербайжан көптеген ауқымды жарысты жоғары деңгейде өткізетін елге айналып үлгерді. Алдағы күндері біз мұнда оқ ату, стенд ату сынды барлық бағдарламадағы үздіктерді бірге анықтаймыз. Париж Олимпиадасына дейін бір ғана жыл қалды. Сол себепті осы әлем чемпионатында жолдаманың басым бөлігі сарапқа салынады», деді Лучано Росси.

Осыдан кейін төрешілер мен спортшылардың ант беру рәсімі өтіп, іс-шара түрлі мәдени қойылымдармен жалғасты.

Қазақстан құрамасы аталған бәсекеде барлық санатта жүлдеге таласады. Құрама сапында барлығы 26 спортшы бар. Олар:

Тапанша – Эльдар Иманқұлов, Валерий Рахимжан, Максим Мазепа, Никита Чирюкин, Руслан Юнусметов, Артемий Кабаков, Алексей Лотарев, Сәуле Әлімбек, Ольга Аксенова, Ирина Юнусметова, Валерия Попелова;

Винтовка – Ислам Сатпаев, Юрий Юрков, Константин Малиновский, Илья Федин, Арина Алтухова, Елизавета Безрукова, Александра Ле, Анастасия Григорьева;

Жылжымалы нысана – Бақтияр Ибраев, Андрей Худяков, Асадбек Назиркульев, Илья Зотеев, Фатима Ирназарова, Зухра Ирназарова, Александра Садуакасова.



Ұлттық құрама көшбасшысының бірі Ислам Сатпаев дайындық жоспарға сәйкес өткенін, Бакуде осыған дейін жарысқа қатысқандықтан қиындық болмайтынын атап өтті.

«Әлем чемпионатының қарсаңында осында Габала қаласында оқу- жаттығу жиынын өткіздік. Жыл басынан бері жарыстар жеткілікті болды. Индонезия мен Әзербайжандағы Әлем Кубогы кезеңінде жақсы нәтиже көрсете алдық деп ойлаймын. Сосын, елімізде Спартакиадаға қатысқан соң Қытайдағы жазғы Универсиадада өнер көрсеттік. Осы жарыстардан жүлдесіз қайтқан жоқпыз. Әлем чемпионатына сақадай саймыз. Сәтін салып, Олимпиада лицензиясын көбірек алуды қалаймыз», деді ол Спортты дамыту дирекциясының баспасөз қызметіне берген сұхбатында.

Айта кетелік, Бакудағы дода 1 қыркүйекте мәресіне жетеді. Осы аралықта 101 мемлекеттен келген 1200-ден астам мерген бақ сынайды. Байрақты бәсеке кезінде келесі жылы Франция астанасында болатын Олимпиаданың 48 жолдамасы сарапқа салынады.

Материалдар egemen.kz сайтынан алынды.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел. : 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www. alatau. kz@mail. ru

КЕРЕК КЕҢЕС

ЖЕНТТЕН ЖАСАЛАТЫН ТӘТТІ ТАҒАМДАР



Жент – қыста да, жазда да бұзылмайтын, әрқашан өзінің нәрлілігі мен дәмділігін сақтайтын, сондықтан да көшпелі халықтың дастарқанынан тиесілі орын алған ұлттық тағам. Ол қазіргі кезде де өзінің құндылығын жоғалтқан жоқ. Керісінше, күнделікті сүйіп жейтін тағамдарымыздың біріне айналып келеді.

Дайындау ерекшеліктеріне қарай женттің бірнеше түрі болады. Женттi кейде «қазақ шоколады» дейді. Ал Орта Азия халықтары оны «шербет» деп атайды. Жент сөкке тортасынан айырған сарымай, қант, ірімшік қосып, келіге түйіп жасалады. Жылқы майы мен бал, ірімшік араластырып та дайындауға болады.

Кейде оған қосылатын компоненттердің ішіне өріктің дәні мен мейіз де кіреді. Сөк орнына оның жармасын пайдалануға да болады. Өйткені сөкті қолмен түйгенде жармаланып кеткен дәндері бөлек айырып алынады. Соны немесе сөкті диірменге ірілеу етіп тартып, жармалап алып қосуға болады. Сөкті диірменге тартқанда ірілеу етіп жармақтау үшін диірменнің үстіңгі бетінің ортасына орнатылған бақалақ ағашты сәл төменірек (0,5-1,0 мм) түсіріп қою керек. Жент қоспасының мөлшері, дәмділігі дайындаушының өз қалауына, шеберлігіне байланысты. Женттің қандай түрі болмасын тіл үйіреді. Оны жесең тәбетің ашылады. Ал емдік қасиеті болса өз алдына. Жент көбінесе қыс айында дайындалады.

Женттi аз-аздан дайындауға да, бірден көп мөлшерде дайындауға да болады. Қоспаның ең негізгісі сөк болғандықтан қалғандарының мөлшерін соған бейімдеп қосу керек.

Женттi жасағанда 100 грамм сөкке 80 грамм ірімшік, 80 грамм қытырлақ нан немесе қуырма, 80 грамм бал, 80 грамм қант, 350 грамм сарымай, 80 грамм мейіз немесе кепкен еріктің еті, 100 грамм ұнтақталып, қуырылған жаңғақ не өрік дәні және 100 грамм құрт қосып жаншылады немесе келіге түйіледі.

Ескерту: балды қыздырып, сарымайды ерітіп тортасынан айырып қосу керек. Дайын болғаннан кейін жент шамалы уақыт салқындатып қойылады. Өйткені, келіге түйілген кезде қоспа қызады. Салқындағаннан кейін оны оңай кесіп, ыдысқа салу үшін пышақты шамалы қыздырған абзал. Женттің басқа түрлерін дайындағанда да қоспалардың осы арақатынасын сақтау керек.

Қазыжент

Сөкке жылқының қазысын, қант, ірімшік қосып жаншып жасалады. Егер сөктің мөлшері 1-1,5 кг болса, онда 4 стакан ірімшік, 2 стакан қазы майы қосылады.

Жанышпа

Жарты килограмм сөкке 50-70 грамм сарымай, 50 грамм қант араластырып, біраз жаншылады. Сонан соң 3 ас қасық қаймақ құйып, тағы жақсылап араластырылады. Қонаққа берілер шайдың дастарқанына қойылатын мұндай өте дәмді жанышпаны қажетті мөлшерде тез дайындап алуға болады.

Жанышпа талқанға ірімшік, қатқан бауырсақтың үгіндісін, жеміс, бал немесе қант қосып та дайындалады.

Сүтжент

Сүтке бұқтырылған сөкке сарымай, қант, мейіз, қытырлақ нан, қаймақ қосып жаншып жасалады.

Шикізат әркімнің қалауынша алынады.

ПСИХОЛОГИЯ

БАҚЫТҚА БАСТАЙТЫН ЕКІ СҰРАҚ

Бақытты болу түк те қиын емес. Әсіресе балалар бізге бұл жолда ұлы сабақ көрсете алады. Олар балмұздақ жеуді де, ән салып, билеуді де бақытқа балайтынын байқасаңыз, өзіңіз де дәл осы әрекетті қайталап, жақсылықтың бір есігін аша аласыз.



Күн сайын өзіңізді бақытты сезінгіңіз келсе таңертең және кешке өзіңізге мынадай екі сұрақ қойыңыз.

1. Мен бақыттымын ба? Қазіргі күйімді неше ұпаймен бағалаймын? Оңға дейінгі бір санды іштей айтыңыз. Ұзақ ойланып, жағымды-жағымсыз жайлардың тізімін құрудың қажеті жоқ. Жай ғана өзіңізден сұрасаңыз, миыңыз нақты жауапты бірден береді. Егер он деген ұпаймен бағаласаңыз, онда бәрі жақсы. Осы сұрақпен шектеле беріңіз. Ал оннан аз, тоғыз, сегіз деген жауап келсе, онда мына екінші сұрақты қойыңыз.

2. Бақытымның шкаласын көтеру үшін не істей аламын? Бірден онға көтерудің қажеті жоқ. Тек бір ұпайға жоғарылатыңыз, сонда оған жету де оңай көрінеді. Мәселен қазіргі сәтіңізді 7 ұпаймен бағаласаңыз, 8 болуы үшін не істей аламын? Міне, осы кезде ми сізге жаңа идея ұсынады. Бәлкім, барлық жұмысты тоқтатып қойып, балалармен 30 минут серуендеп келерсіз. Болмаса ісімді сәтті аяқтасам, екі сағат саябақта серуендеймін деп өзіңізге демалыс жариялаңыз. Осылай бақыт деңгейін арттырып алудың оңай жолын да қарастыруға болады.

Massaget.kz сайтынан алынды.

ӨНЕР

«МЕЙІРІМ» шығармашылық орталығының талантты балалары


Айман ДҮЙСЕНБЕК


Арын ЖАЛҒАСБАЙ


РАСУЛ НҰРАХЫМЕТ

Құрылтайшы "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Баспахана директоры Бақберген ТҮКІБАЕВ

Бас редактор Айтақын БҰЛҒАҚОВ

Редакция алқасы:

Сарби ӘЙТЕНОВА – редактордың орынбасары

Кезекші редактор: С. ӘЙТЕНОВА.

Алатау

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www.alatau.kz@mail. ru
Сайты: alatau_gazeti

Газет 07.08.2000 жылдан бастап шығады.

Таралымы 2700 Индекс 15534
Тапсырыс № 947